



Апталық, 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

**Ғалым МҰТАНОВ,
ҚазҰУ ректоры:**

ҚҰРМЕТТІ ҚАЗҰУ ҰЖЫМЫ, ӘРІПТЕСТЕР МЕН СТУДЕНТТЕРІ! СІЗДЕРДІ ҰЛЫҚ МЕРЕКЕ - НАУРЫЗ МЕЙРАМЫМЕН ШЫН ЖҮРЕКТЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫН!

Күн мен түн теңеліп, ізгілік пен жаңару үйлесім тапқан әз-Наурыз – халқымыздың асыға күтетін мейрамы. Бұл – күннің көзі жылынып, бар тіршілік қайта түлейтін, адамзаттың көңілін жадырататын жаймашуақ кезең, жақсылық пен ізгіліктің бастауы. Шығыс халықтарына ортақ мереке болып табылатын Наурызды халқымыз, сондықтан да Ұлыстың ұлы күні, ақ түйенің қарны жарылған күн деп айрықша дәріптейді. Хан мен қараша теңесіп, араздасқан ағайын татуласқан, бірлікті, ынтымақты ту еткен ырысты мереке халқымыздың ұлылығын аңғартып, асқақтатып тұрғаны анық.

Наурыз – жыл басы дейтін болсақ, бұл мезгілдің ҚазҰУ үшін маңызы зор. Себебі білім мен ғылымның қасиетті ордасы өзінің 80-көктемнің шымылдығын ашып отыр. ҚазҰУ осынау мерейлі мерекеге айтулы жетістіктермен, жаңашылдықтармен толысып жетті. Университет халықаралық талаптарға жауап беретін білім бағдарламасына толығымен көшті. Халықаралық деңгейдегі инновациялық жобалар, жаңа технологиялар жүзеге асырылуда. Сарапшылар ҚазҰУ қызметінің барлық бағыты бойынша сапалы көрсеткіштердің артқанын айтып отыр. Өткен Жылан жылы да жоғары табыстармен есте қалды. Біз халықаралық QS рейтингтік агенттігінің қорытындысы бойынша әлемнің 800 жетекші университеті арасында 299-орынды иеленіп, ең үздік топ-300 жоғары оқу орны қатарына ендік. БҰҰ-ның «Академиялық ықпал» бағдарламасы бойынша ғаламдық хабы ҚазҰУ-да ашылып, басқару тапсырылды. Бұл – абыройлы халықаралық ұйымның жоғары дәрежелі сенімінің дәлелі. ҚазҰУ-дың UNAI хабын басқарудағы қызметі Елбасы идеясын іске асыруға, Алматы қаласының көпжақты дипломатиялық аймақтық орталыққа айналуына, әлемдік процестегі жаһандық мәселелерді шешу ісінде Қазақстанның рөлі мен беделінің өсуіне өз септігін тигізері даусыз. Сондай-ақ ҚазҰУ ғалымдарының жоғары импакт-факторлы журналдағы жарияланымдары жыл сайын артып келеді. Университет халықаралық әріптестікті кеңейтіп, академиялық ұтқырлықты, әлеуметтік серіктестікті дамытуда. 80 жылдық мерейлі мерекеге бастаған Жылқы жылы да әсемдігімен, алғырлығымен, еңбекқорлығымен ерекшеленеді. Ендеше бұл жылда алар асуларымыз бен ел игілігі үшін жасалар еңбегіміз көп болғай!

Құрметті әріптестер мен студенттер!

Бірлік пен береке, достық пен татулық мерекесі құтты болсын! Әз-Наурыз елімізге тыныштық, жерімізге құт әкелгей! Университетіміздің әр қызметкері, әр студентінің отбасына амандық, ауызбіршілік, бақ-береке, дастарқандарыңызға молшылық тілеймін! Алда жоспарланған мерейтойлық іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастырып, ҚазҰУ беделін асқақтата береміз деп сенемін!

ОМАР ХАЙЯМ

НАУРЫЗ-НАМЕ

(ЫҚШАМДАЛЫП АЛЫНҒАН)

Өз заманының ойшыл-философы, зерттеушілердің басшысы, ғұлама ғалымдардың патшасы, хазірет қажы Омар ибн Хайям әл Ибрахим (Алладан оған саламат болсын) былай дейді: «Сөзді қадірлей білетін жақын бір досым менен Наурызды тойлау дәстүрі қай уақытта пайда болды, ол рәсім қай патшаның тұсында негіз тапты деген жайттарды ашып беруімді өтінді. Досымның тілегін қабыл көріп, Құдіреті күштінің қолдауымен Наурыздың шығу тарихынан қысқаша мағлұмат бердім».

... Наурызды тойлау дәстүрінің пайда болуы жайына келер болсақ – Күннің екі түрлі айналымы бар екені баршаға мағлұм. Оның бірі – әрбір үш жүз алпыс бес күн және тәуліктің төрттен бір бөлігі толғанда Тоқты жұлдызының бірінші минутында еш өзгеріссіз оралып тұрады. Және бұл белгілі мерзім жыл сайын қысқарады.

... Жәмшид өзгермейтін заңдылықпен қайталанып отыратынына көз жеткізген соң осы күнді Наурыз деп атап, оны тойлап отыруды дәстүрге айналдырған. Жаңа бастаманы патша да, қалың жұрт та хош көріп қолдайды. Иран патшасы Кайумарс Бірініші патшалыққа келген соң бұқара халықтың білуі үшін жылдың айлары мен күндеріне атау беруді, жыл есебін жүргізуді бұйырады. Тоқты жұлдызының Күнмен қиылысқан алғашқы сәтін анықтаған соң мұбадтарын шақырып бұдан былай жыл басы дәл осы уақыттан басталатын болсын деп үкім



етеді. Мұбадтары да кеңесе келе ендігі уақытта жыл есебі айтылмыш сәттен басталсын деген шешім қабылдайды.

Иран мұбадтары, өз замандарының ғұлама ғалымдары болған, олардың айтуынша, Құдіретті де қасиетті жаратушы Йзад он екі періште жаратып, олардың төртеуін көкке жібереді – көк дүниесін жын-сайтанның қорып тұрулары үшін, төртеуін дүниенің

төрт тарапына жібереді – жын-сайтандар Қаф тауынан асып өтіп кетпеулерін бақылап тұрулары үшін, қалған төртеуіне көкте де, жерде де еркін жүріп адам баласын жын-сайтанның терістігінен сақтап тұруын бұйырады.

Мұбадтар айтқан, бұл ғалам басқа бір ғаламның ішінде тұр – көне ғимараттың ішінен жаңа ғимарат

Жалғасы 6-бетте

БҮГІНГІ САНДА:

**ПОВЕСТКА ДНЯ:
ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗАЦИЯ
ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ**



2-стр.

БҮГІНГІ САНДА:

**“ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ”
ГАЗЕТІНІҢ
НАУРЫЗ КӨЖЕСІ**



8-9 беттер

БҮГІНГІ САНДА:

**ЖАҚСЫЛЫҚҚА
БАСТАЙТЫН –
НАУРЫЗ**



11-бет

«ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ» – БЕРЕРІ МОЛ БАСТАМА

Ұлы ғұлама ғалым, әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фараби есімін иеленген ҚазҰУ-ға биыл 80 жыл. Осы айтулы мереке аясында университет Фараби мұраларын насихаттауды жандандыру, ғалым ілімін дәріптеу мақсатын алға қойып отыр. Ректор Ғалым Мұтанұлы: «Фараби мұраларын зерттеу әрі тану – университетті жаңа деңгейге көтерсе, насихаттау – біздің тікелей парызымыз», – деген болатын. 2-12 сәуір аралығында өтетін «Фараби оқуларына» дайындық барысы кешегі ректорат отырысына арқау болды.

Аталмыш шара халықаралық дәрежеде жаңа үлгімен өткізілмек. «Фараби оқулары» заманауи қазақстандық қоғамның рухани-адамгершілік және интеллектуалды мәдениетін байыту идеясына, «Al-Farabi University Smart City» брендині елімізде және шетелдерде танытуға негізделіп отырғанын тілге тиек еткен болатынбыз. Оның бағыттарына тоқталып өтсек, халықаралық Фараби форумы, факультеттерде өтетін халықаралық конференциялар, жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметі, оның ішінде студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» халықаралық конференциясы, «Жасыл көпір ұрпақтан-ұрпаққа» халықаралық форумы, студенттік бизнес инкубаторлардың инновациялық жобалар байқауы, «Үздік жас ғалым» байқауы жоспарланған. Бұл жайлы Бірінші проректор Мұхамбетқали Мырзабайұлы өз хабарламасында айтып өтті.

Мәжілісте дайындық барысы талқыланып, ректорат мүшелері өз ойлары мен ұсыныстарын ортаға салды. Жауапты тұлғалар шараға қатысты жұмыстың қызу жүріп жатқандығын мәлімдеді. «Әріптестер мен қонақтарға ақпараттық хаттар жіберіліп, баяндамалар дайындалуда. Шаралардың өткізілуі жоспарлары дайын», – деді олар бір ауыздан. Ректор Ғалым Мұтанұлы: «Бұл – үлкен бастама. Оның мән-маңызын, деңгейін қоғамға жеткізу керек», – деп тапсырды. Сонымен қатар ол бұл шараны өткізуге Қазақстан ұлттық академиясы атсалысатынын жеткізіп, 80 жылдық негізінде бастау алып отырған игі дәстүрдің жоғары деңгейде өту керектігін қадап айтты.

Әйгерім ӘУЕЗХАН

ПОВЕСТКА ДНЯ: ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗАЦИЯ ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ

В КазНУ прошел международный семинар «Центрально-Азиатский и Центрально-Европейский Форум по высшему образованию/ECCE Mundus (Enhancing Cross-regional Cooperation in Erasmus Mundus)».



Организатором семинара выступили КазНУ им. аль-Фараби, консорциум национальных структур «Эрасмус Мундус» – Общественный фонд «Темпус», руководимый министерством образования Венгрии, Агентство по международному сотрудничеству в сфере образования и науки Австрии, Академическая ассоциация международного сотрудничества Словакии, при активной поддержке правительственных программ Венгрии «Campus Hungarum» и «Новый план Сечени».

В работе семинара приняли участие более 100 представителей вузов 11 стран мира, таких, как Австрия, Армения, Венгрия, Грузия, Россия, Словакия, Казахстан, Кыргызстан, Таджикистан, Узбекистан и Украина. На открытии мероприятия выступили начальник управления содержания образования и подготовки кадров МОН РК Б.Нарбекова, Генеральный консул Венгрии в Алматы Ф.Блауманн, первый проректор КазНУ им. аль-Фараби М.Буркитбаев, координаторы Общественного фонда «Темпус» Венгрии Г.Добос, Программы «Темпус» в Казахстане Ш.Тасбулатова.

«Основная цель форума заключается в предоставлении возможности наладить тесные партнерские связи и укрепить сотрудничество между высшими учебными заведениями Центральной Азии, Восточной Европы и Западных Балкан в рамках проектов Европейской Комиссии», – отметил первый проректор КазНУ Мухамбетқали Буркитбаев,

открывая форум.

«Сегодня КазНУ выступает лидером среди казахстанских вузов по количеству реализуемых проектов «Темпус». Вуз неоднократно выступал в качестве национального координатора проектов «Эрасмус Мундус», осуществляя роль связующего звена между Европейскими координаторами и отечественными вузами-партнерами, в настоящее время КазНУ является со-координатором двух проектов «Эрасмус Мундус». Это целенаправленное взаимодействие позволяет университету полнее адаптировать основные принципы Болонского процесса и приблизить академическую политику вуза к европейским стандартам», – отметила координатор Программы «Темпус» в Казахстане Шайзада Тасбулатова.

В целях продвижения совместных образовательных программ и академической мобильности состоялся специальный семинар-тренинг ECCE MUNDUS. Здесь были представлены примеры лучших практик реализации совместных образовательных программ и международного сотрудничества в рамках проектов «Эрасмус Мундус» и «Темпус», финансируемых Европейской Комиссией. Также прошла презентация новой программы «Эрасмус +».

Следует отметить, что подобные семинары ECCE MUNDUS проводились в разные годы в Будапеште (2012 г.), Вене (2012 г.) и Братиславе (2013 г.).

Пресс-служба КазНУ

ЖАҢА БАҒЫТ – ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ



Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Исламдық қаржыландыру-2020» жол картасын жүзеге асыру аясында 13 наурыз күні экономика және бизнес жоғары мектебі қаржы кафедрасының ұйымдастыруымен «Қазақстан Республикасындағы исламдық қаржыландыру: нақты жағдайы мен перспективалары» атты тақырыпта дөңгелек үстел өтті. Мұнда еліміздегі исламдық қаржыландыру бағытында жүргізіліп жатқан іс-шаралар, оны жүзеге асырудағы ҚР Ұлттық банкінің рөлі, аталмыш саланың қалыптасу бағыттары мен жетілдіру жолдары сөз болды. Сонымен қатар исламдық қаржыландыруды халық арасында насихаттау, осы сала бойынша білікті мамандар даярлаудағы жоғары мектептің рөлін арттыру да талқыға түсті. «Ұзақ жол алғашқы қадамнан басталады» дегендей ЭЖБМ деканы Баян Ермеқбаева алдағы уақытта Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі және «Al Hilal» Ислам банкі» акционерлік қоғамымен бірлесіп жүзеге асырылуы мүмкін шаралар жайлы, нақты айтқанда, бірлескен мамандану бағдарламаларын ашу, ғылыми-тәжірибелік конференциялар ұйымдастыру төңірегінде ой бөлісті. Дөңгелек үстелге қатысушы өзге тараптар да еліміздегі исламдық қаржыландыру, оның нақты жағдайы мен перспективалары төңірегінде өзара пікір алмасты. Бұл бас қосуға ҚР Ұлттық Банкінің Алматы өңірлік қаржы орталығын дамыту және исламдық қаржыландыру бойынша Департаментінің директоры Д.К. Нұрпейісов, ҚР Ұлттық Банкінің исламдық қаржыландыруды дамыту басқармасының бастығы Т.М.Омаров, «Al Hilal» Ислам банкі» акционерлік қоғамының исламдық қаржыландыру қағидалары бойынша супервайзер және үйлестірушісі М.А. Шоев, «Al Hilal» Ислам банкі» акционерлік қоғамының маманы әрі қаржы кафедрасының 2003 жылғы түлегі О.С.Ибраимов, сондай-ақ ЭЖБМ басшылығы мен ОПК, магистранттар, студенттер қатысқан болатын.

Нұрлан ӘБДІҚАДЫРОВ,
«Қаржы» мамандығының 1-курс магистранты

КҮНТІЗБЕЛІК

Басы өткен санда

ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

2011 жыл

Қаңтар – ҚазҰУ-да Ақсақалдар кеңесі құрылды. Ақпан – «Қазақстан Тәуелсіздігіне – 20 жыл, 20 инновация» жобасы жұмысын бастады.

28 наурыз – «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті оқытушылары мен қызметкерлерінің корпоративті мәдениет кодексі», «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушысы туралы Ереже», «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студентінің ар-намыс кодексі», «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті туралы ереже» құжаттары бекітілді.

8 сәуір – Магистранттар мен PhD докторанттардың «әл-Фараби» Ассоциациясы құрылды.

Маусым – университетке Нобель сыйлығының лауреаттары Ф. Кидланд және Р. Корнберг қонаққа келді. Оларға ҚазҰУ-дың Құрметті профессорлары атағы берілді.

Маусым – университет тарихында тұңғыш рет «ҚазҰУ түлектерінің күні» аталып өтті.

27 маусым – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың зерттеу университетіне трансформациялануына және халықаралық жоғары оқу орындарының рейтингінде жылжуына байланысты кейбір факультет пен кафедралардың атаулары өзгерді.

2012 жыл

ҚАҢТАР

– Жұмыс берушілердің сауалнамасы бойынша QS рейтингтік агенттігі ҚазҰУ-ды әлемдік жоғары оқу орындарының 300-350 тобына көтерді.

– Университеттің 32 оқытушысы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» байқауында жеңіске жетіп, мемлекеттік грантты жеңіп алды.

– ҚазҰУ-дың туған күніне арналған дәстүрлі спор. жарыстары өтті.

– Студенттік топтардың куратор-здравіерлеріне арналған семинар-мәжіліс өтті.

– Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұловтың қатысуымен Бақылау кеңесінің бірінші отырысы өтті.

АҚПАН

– Ғылыми кітапхананың ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына байланысты жарық көрген «Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев» атты биобиблиографиялық көрсеткіштің тұсауы кесілді.

– ҚазҰУ мұражайында Алматы қалалық ардагерлер кеңесінің жастарға патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбие беру жөніндегі комиссиясы мен ҚазҰУ-дың және қалалық, аудандық ардагерлер кеңестерінің біріккен отырысы өтті.

– «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап» жобасы қабылданды.

– Шетелдік белгілі сарапшылардың қатысуымен ғылыми жұмыстарды коммерциализация мен ғылым және бизнесің интеграциясы жайлы «Бизнес және ғылым – 2020» екікүндік халықаралық семинар-кеңесі өтті.

Наурыз

– 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі ерекше аталып, тек ер азаматтар құрамы өнер көрсеткен мерекелік кеш бұл жылы да өз жалғасын тапты.

– «Біртұтас экономикалық кеңістік жаңа экономиканы құрудың негізі ретінде» атты халықаралық ғылыми конференция өтті.

– ҚазҰУ-ға Қазақстанның ғылыми-техникалық және инновациялық әлеуетін экспорттық бағалайтын еуропалық одақтың халықаралық сарапшылар тобы келіп қайтты.

– жалпыуниверситеттік «100 кітап» апталығы өтті.

Сәуір

– Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының IV съезі қарсаңында «Қазіргі әлемдегі ислам: даму барысы мен болашағы» атты халықаралық ғылыми симпозиум өтті.

– ҚазҰУ «MISC» ұлттық зерттеу технологиялық университетімен «Нанотехнология» бағыты бойынша ШЫҰУ аясында магистрлік бағдарламаларды жүзеге асыру жөнінде келісім-шартқа қол қойды.

Мамыр

– Белгілі ақын, қоғам қайраткері, Қазақстанның ЮНЕСКО-дағы тұрақты өкілі Олжас Сүлейменов атындағы ғылыми орталық ашылды.

– Университеттің оқытушылары мен студенттері Нобель сыйлығының иегерлері – Джон Форбс Нэш, Мюррей Гелл-Манн және Кристофер Писсаридеспен кездесті.

– Дәстүрлі «ҚазҰУ түлектерінің күні» тойланды.

Маусым

– Рио-де-Жанейрода (Бразилия) «РИО+20» БҰҰ тұрақты даму бойынша ғаламдық саммит өтті. ТМД елдерінің жоғары оқу орындары арасында жалғыз университет ҚазҰУ «Энергия-экологиялық дамудың жаһандық дамуы және «Жасыл көпір» арнайы жеке секциясын ашты.

– «Тіл және инновация» атты XV халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.

Жалғасы 3-бетте

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ ІРГЕТАСЫ

Елбасымыздың 18-дәстүрлі жолдауы «ел дамуының 2050 жылға дейінгі стратегиялық саяси бағдарламасын» орындаудың табысты да сенімді жолдарын толықтыра бағдарлайтын, тысықтайтын кең ауқымды құжат болды. Ондағы «Мәңгілік Қазақстан» жобасы ел тарихындағы жаңа дәуірдің, кемел де келісті келбетін айшықтап, өтер жолдарды саралап берді деп толық сеніммен айта аламыз.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев қазақ-аңғарлылық идеяларды «Мәңгілік ел» атты патриоттық акт жасауға шақырды. Жолдау алдымен он креативтік идеяға: патриотизм, инновация, геология, ауыл шаруашылығы, ғылым, аумақтық даму, көлік, энергетика, шағын және орта бизнес, экономика сияқты ел дамуындағы ең маңызды мәселелерге негізделген. Бұл стратегиялық құжатта Президент мемлекеттік қызметтің барлық саласын қамти отырып, тәуелсіз Қазақстанды дамытудың, Қазақстанның әр азаматының, әр отбасының, жастардың және өскелең ұрпақтың мүддесін қорғаудың нақты жолдарын ұсынды. Бұл мақсатты орындаудағы негізгі бағдар – «Қазақстан-2050» стратегиясы. Елбасы аталған стратегияны жүзеге асыруда жеті бесжылдықты қамтитын маңызды міндеттерді атап көрсетті.

Жолдауда көтерілген ауқымды мәселелер әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ұжымының алдында жаңа міндеттерді айқындайды. Бүгінде мемлекеттің берген жаңа мүмкіндіктерін пайдалана отырып, университетіміз әлемдік деңгейдегі ғылыми зерттеу университетіне трансформациялануға ұмтылуда. Бұл орайда ғылымға негізделген инновациялық іс-шараларды жүзеге асыру білікті ғалымдар мен аспирант студенттерімізге жүктеліп отырғаны белгілі. Қазіргі күні әл-Фараби

атындағы ҚазҰУ физика-техникалық факультеті еліміздегі ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша сапалы мамандарды даярлайтын алдыңғы қатарлы орталық болып саналады. Сондықтан да физика-техникалық факультеті, оның ішінде плазма физикасы және компьютерлік физика кафедрасының оқытушылар ұжымы Елбасының ғылыми инновациялық жұмыстардың алдына қойған міндеттерін, ғылым, инновация, патриотизм, энергетика салаларындағы креативті идеяларға басым назар аударып, жете түсініп отыр.

Кафедра ұжымы бүгінгі таңда ғылым саласы бойынша әлем кеңістігін бағындыру үстінде талмай еңбек етіп келеді. Атап айтқанда бүгінгі таңда кафедрада төрт ғылыми зерттеу зертханасы бар. 2013-2014 оқу жылында кафедраның ғылыми қызметкерлері отандық ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша 21 іргелі және эксперименталды ғылыми жобаларды іске асырып келеді. Негізгі іргелі және эксперименталды ғылыми зерттеу жұмыстарының басым бөлігі плазманың қасиеттері, олардың технологияда қолданылуы мен диагностика мәселелеріне арналған. Франция, Испания, Украина, Ресей АҚШ сынды алдыңғы қатарлы шетелдік ғылыми зерттеу орталықтарымен әріптестік орнатып келеді. Халықаралық

ғылыми зерттеу жобаларын Валенсия политехникалық университеті (Испания), Аризон университеті (АҚШ), және И.Н. Францевич атындағы материалтану мәселелері институты (Украина) жүзеге асырып келеді.

Жолдауда айтылғандай, бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ жолында Елбасының айналасына бірігу «Мәңгілік ел» мұратымызға жетудің берік негізі болып табылады. Елбасы: «Біз – біртұтас халықпыз. Біздің ортақ тағдырымыз – Мәңгілік Ел. Мәңгілік Ел – жалпықазақстандық шаңырағымыздың ұлттық идеясы, ата-бабаларымыз аңсаған арман», – дей келе, ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім, тарих пен мәдениет, тілдің біртұтастығы мемлекеттегі тұрақтылықтың кепілі бола алатынын ескертті. Бұл орайда плазма физикасы және компьютерлік физика кафедрасында студенттерге ұлттық патриотизмді насихаттайтын іс-шаралар атқарыла бастады. Олар әрбір студенттің патриоттық сезімін оятып қана қоймай, ұлттық идеяны қалыптастыруда негізгі себепкер бола алатыны анық. Кафедра ұжымы ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында айтылған өзекті мәселелерге кеңінен қолдау білдіріп, ондағы нақтыланған міндеттемелер мен тапсырмалардың жүзеге асырылу жолында аянбай қызмет ете бермек.

Ж.М. МОЛДАБЕКОВ,
ПФЖКФ кафедрасының оқытушысы

БУДУЩЕЕ - В НАШИХ РУКАХ

В колледже КазНУ имени аль-Фараби, возглавляемом кандидатом педагогических наук, доцентом Нуркановой Р.О., во всех группах по специальностям «Правоведение», «Финансы», «Учет и аудит» были проведены кураторские часы, посвященные новому посланию Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева.

14 февраля 2014 года куратором группы ПР-304 специальности «Правоведение» Мусалаевой Ш.А. был проведен кураторский час на тему: «Стратегия-2050 «Один народ - одна страна - одна судьба». Кураторский час проводился в форме фронтального опроса, беседы с обучающимися.

В начале кураторского часа обучающиеся колледжа группы ПР-304 обсудили масштабное послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Стратегия-2050: новый политический курс состоявшегося государства».

В ходе обсуждения обучающиеся подводили итоги проделанных работ и доказали, что с момента обретения независимости Республика Казахстан преодолела сложный путь своего становления как молодого, суверенного, демократического государства. Успехи нашей молодой республики в плане социальной, экономической и политической модернизации очевидны и признаны международным сообществом. И огромная роль в становлении независимой республики принадлежит Президенту Республики Казахстан Н.А. Назарбаеву, то есть создателю казахстанской национальной идеи.

Это – идея независимости, идея конкурентоспособности, идея процветания. Следующим этапом кураторского часа был доклад куратора группы ПР-304 Мусалаевой Ш.А. на тему: «Стратегия-2050 «Один народ - одна страна - одна судьба». Почему можно так утверждать? Потому что «один народ» - это единые для всех национальные интересы. «Одна страна» - это наша единая для всех



Родина. «Одна судьба» - это трудности и победы, которые мы прошли вместе! Это наша общая перспектива - благополучный и процветающий Казахстан! «Всё это, вместе взятое означает, что для успешной реализации Стратегии необходимо единство общества.

Куратором были разъяснены цели и задачи «Стратегия-2050», но самой главной целью является – войти в число 30-ти самых развитых государств мира.

Следующим этапом кураторского часа стало выступление обучающегося группы ПР-304 Цапцина Эмиля, посвященное отдельным пунктам Послания. Среди главных аспектов новой социальной политики является здоровье молодежи. Как подчеркнул в своем докладе Э.Цапцин здоровье молодежи - это определяющее звено в социальной политике. Он предложил решить проблему медицинского обслуживания путем предоставления качественных и доступных медицинских услуг, обеспечения диагностирования и лечения максимально широкого спектра болезней в колледжах, вузах, предоставления скидок на медицинское обслуживание. А также в области образования были высказаны предложения: оставить определенное количество бесплатных

вузов для талантливой молодежи, не имеющей возможности оплачивать свое обучение, уделять внимание на модернизацию методик преподавания, включая дистанционное обучение и обучение в режиме он-лайн, доступные для желающих колледжа, то есть модернизировать структуры образования и здравоохранения.

Второй доклад обучающегося Матназарова Давута был направлен на вопрос нетрадиционных для нашей страны религиозных и псевдорелигиозных течений. Быть сплоченными, выступить против всех форм и проявлений радикализма, экстремизма и терроризма. То есть жить в дружбе, мире и согласии...

Наверное, прав тот мыслитель, что сказал однажды: «Жизнь, не те дни, что прошли, а что запомнились», и нам есть что вспомнить. Нужно только на мгновение остановиться и оглянуться назад, как огромное множество событий радостных и печальных, тревожных и всеяющих надежду осталось позади.

А.К. ОМАРОВА,
зам.директора по УВР,
Ш.А. МУСАЛАЕВА,
преподаватель колледжа

КҮНТІЗБЕЛІК

Жалғасы. Басы 2-бетте

ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

– Университеттің халықаралық қатынастар факультетінде ҚР БҰҰ-ның ғылыми-зерттеу орталығы ашылды.

– QS (Ұлыбритания) Халықаралық рейтингтік агенттігінің мәліметінше, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 2011-2012 оқу жылында жеке пәндер бойынша әлемдік үздік 200 топ-университеттер тізіміне енді.

– Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғ.М. Мұтанов ғылымдағы аса зор еңбегі үшін Лиссабон Жоғары инженерлік институтының Құрметті профессоры атағына ие болды.

– БҰҰ ғылыми-зерттеу орталығы ашылды

ШІЛДЕ

– ҚазҰУ ұжымы мен студенттері Ыстық көл жанындағы жазғы спорт-сауықтыру лагерінде демалыста болып қайтты.

– 2012 жылы Лондонда өткен Олимпиада ойындарына ҚазҰУ-дың 11 спортшысы спорттың әр түрінен лицензияларды қанжығасына бейлады.

ТАМЫЗ

– ҚазҰУ заң факультетінің студенті Лондонда өткен ХХХ олимпиада ойындарына қатысқан Қазақстан чемпионы Светлана Подобедова 3 тамызда 75 кг салмақ бойынша Олимпиада алтын жемісін алды.

– «Конституция – қоғам мен мемлекетті әлеуметтік жаңғыртудың негізі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

– Оқытушы-профессорлар құрамының жыл сайынғы дәстүрлі тамыздық кеңесі өтті.

– Әлемдік «Webometrics Ranking of World Universities» рейтингісі бойынша ҚазҰУ-дың ресми сайты 3000 сатыға жоғарылап, әлемдік 18 мың ЖОО бойынша 3014 оқу орны қатарынан көрінді.

– Экоинновация және энерготімді технологияларды енгізу бойынша университетте «Green campus» жобасы жүзеге асырылды.

ҚЫРКҮЙЕК

– ҚазҰУ-дың бірқатар оқытушыларына «Қазақстанның білім және ғылым жүйесінің дамуына қосқан айрықша үлесі үшін және жоғары білікті мамандарды дайындаудағы ерен еңбегі үшін» Ахмет Байтұрсынұов атындағы орден берілді.

– Факультеттерде салалық жұмыс берушілер қауымдастықтары құрылды.

– ЕуроАз ЭК Интеграциялық проблемаларды стратегиялық зерттеу институтының директоры А.Т. Спицынмен кездесу өтті.

КАЗАН

– Қазақстанның БҰҰ-ға мүшелігіне – 20 жыл толуына байланысты «XXI ғасырдағы қақтығыстар сипатының өзгеруі» атты тақырыпта халықаралық конференция өтті.

– Ғалым Мұтановтың бастамасымен «Айналанды нұрландыр!» жобасы жүзеге асты.

– ҚазҰУ-дың 118 оқытушысы мен қызметкері «Ақкент» тұрғынүйі кешенінен пәтер кілттеріне ие болды.

ҚАРАША

– Университет Мемлекеттік аттестациядан өте жоғары дәреже көрсетуімен өтті.

– Физика-техникалық факультетінде ҚР ҰҒА академигі Мейірхан Мұбаракұлы Әбділдиннің атындағы дәріс залының ашылу салтанаты болды.

– ҚазҰУ университеттік наноспутник жасауды қолға алды. Бұл жобаны іске асыру Токио университетімен бірлесіп халықаралық консорциумдағы қазақстандық ЖОО-лар кірген UNIFORM Project аясында басталды.

– БҰҰ-ның Қоғамдық ақпарат департаменті мен «Академиялық ықпал» бағдарламасының қолдауымен «XXI ғасырдағы қақтығыстар сипатының өзгеруі» атты халықаралық конференция өтті. Нәтижесінде әлемдік академиялық қоғамдастыққа арналған үндеу қабылданды.

– 2000-нан аса студенттің қатысуымен «Жастар Президентпен бірге жарқын келешекте!» атты Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған форум өтті.

ЖЕЛТОҚСАН

– ҚазҰУ-дың докторанттары, магистранттары Астана қаласында «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты бірінші Назарбаев оқулары» халықаралық форумына қатысты.

– ҚазҰУ ұжымы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауына өзіндік үн қосты.

– Академиялық саралау және басымдық бойынша халықаралық обсерватория IREG Президенті Ян Садлак «ҚазҰУ-дың құрметті докторы» атанды.

– ҚазҰУ-да ҚР Білім және ғылым министрі Б.Т. Жумағұловтың қатысуымен бақылау кеңесі өтті.

– Сеул ұлттық университетінің президенті Он Ён Чон «ҚазҰУ-дың құрметті докторы» атанды.

– Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ғалым Мұтанов Халықаралық жоғары мектеп Ғылым академиясының «Ғылым мен білімге сіңірген ерен еңбегі үшін» алтын медалімен марапатталды.

– ҚазҰУ оқытушылары ҚР Президентінің халықаралық «Болашақ» стипендиясының иегерлері атанды.

Жалғасы бар...

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мұражайы

КазНУ совместно с Дагестанским госуниверситетом провал круглый стол «Сравнительный анализ основных институтов обычного права казахского общества и народов Кавказа»

ТӨЛ ӘДЕБИЕТИМІЗДІҢ ТАНЫМАЛ ЗЕРТТЕУШІСІ

Филология ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Халықаралық Жамбыл атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты, Қазақстан Жазушылар одағы мен Журналистер одағының мүшесі, еліміздің білікті ғалымдары мен жоғары білімді мамандарын даярлауда өлшеусіз еңбек етіп келе жатқан ұлағатты ұстаз, ұлтжанды азамат – Тілепов Жұмат Жұмалыұлы 70 жасқа толып отыр.



Тіл мен әдебиеттің жан-жақты кемелдене дамуы оның өткен тарихы мен бүгінгі таңдағы жай-күйін зерттеп, келешегін зерделеуге бар ғұмырын арнаған ғұлама ғалымдарымыздың қажырлы еңбектерінің нәтижесіне тығыз байланысты екендігі белгілі. Осы ретте 1969 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітіргеннен кейінгі өмір жолын, тілшілік, жазушылық қызметті әдебиет тарихы саласындағы терең ізденістерімен ұштастырған Жұмат Жұмалыұлының да үлесі айрықша. Жұмат Жұмалыұлы Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданының Таушық кентінде 1944 жылдың 11 наурызында дүниеге келді. Мектеп қабырғасында жүрген кездің өзінде-ақ болашағынан үлкен үміт күттірген ұланның өңір, ел өміріндегі елеулі оқиғаларға үн қосқан алғашқы мақалалары мен өлеңдері аудандық «Еңбек туы» (қазіргі «Жаңа өмір») газетінде жариялана бастады.

Еңбек жолын Жетібай мұнай-газ барлау өндірісінде мұнайшы болып бастаған 1963-1964 жылдардың өзінде-ақ «Қазақстан пионері», «Лениншіл

жас» секілді республикалық баспасөз беттерінде бірнеше мақаласы мен өлеңдері жарық көрді.

Елдік, тәуелсіздік пен ел тарихын қастер тұтқан ғалым, осы асыл қасиеттерді ту етіп көтеріп, жалынды сөзі, қарымды ісімен халқымызға қорған болған Шотан, Наурызбай, Бекет, Сүйінғара, Исатай, Махамбет, Досан, Иса, Абай, Ыбырай, Ығылман, Спандияр, Нарманбет, Мұрын жырау сынды біртуар тұлғалардың мұраларын ондаған жылдар бойына саралай зерттеп, кандидаттық, докторлық еңбектерге арқау етіп қана қоймай, 10-ға жуық оқу құралы мен монографияларын, екі жүзден аса ғылыми, ғылыми-танымдық мақалаларын көпшілік оқырманға тарту етті.

Жұмат Жұмалыұлы 2000 жылдан бастап әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры болып еңбек етеді. Ол білікті тәлімгер, ұлағатты ұстаз және ҚазҰУ-дың филология ғылымдары бойынша докторлық диссертация қорғалатын Ғылыми кеңесінің мүшесі ретінде жоғары квалификациялы жас ғалымдар мен мамандарды тәрбиелеу ісіне де зор еңбек сіңірді.

Қазақ халқы мен әдебиетін тереңнен тартып, түбі бір түркі әлемінің тарихымен байланыстыра зерттеуі, сондай-ақ еңбектерінің Қазақстанда ғана емес, Түркия, Ресей, Қырғызстан, т.б. елдерде жарыққа шығуы әдебиетші ғалымның халықаралық өлшемдегі танымалдығы мен білік деңгейін байқатады.

70 жылдық мерейтойын шығармашылық ізденіс пен ғылыми-зерттеу жұмыстарының жүйелі жоспарларына толы шабытты күйде қарсы алып отырған ұстазымызға зор денсаулық, еңбегіне толымды табыстар тілейміз.

Бір топ шәкірттерінің атынан
Н. МӘТБЕК,
доцент

Бүгінде мерейлі 70 жасқа келген ұстаз-ғалым Жақсынтай Қайырбекұлы – ғылымға білуге құмарлықпен, махаббатпен келген ғалым. Солай екеніне химия саласындағы оның бір-бірімен іштей тығыз байланысты, ортақ желілі ортан қолдай зерттеулерінің тақырыптық ауқымы, зерделі-танымдық қырлары, ғылыми бай мазмұны, теориялық терең талдаулары, практикалық түрде іске асыруы, авторд... жалпы өзіне тән ғалымдық қарымы дәлел.

ӨМІРІ ӨНЕГЕ

Қазіргі уақытта Ж.Қ. Қайырбекұлының ғылыми қызығушылығы көмірсутекті шикізатты каталитикалық өңдеу технологиясының теориясы және практикасы жолында ізденумен тығыз байланысты. Оның жетекшілігімен және тікелей қатысуымен Қазақстан Республикасының көмірсутекті шикізаттарын комплексті өңдеудің ғылыми негіздемесін жасау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Келешекте мұнай және газдың негізіндегі өнімдердің жетіспеушілігінің орнын толтыратын болашағы зор органикалық шикізаттың түрлері көмірмен жанатын сланецтерге басты бағыт берген.

Профессор Ж.Қ. Қайырбекұлы, академик Қ.А. Жұбановпен бірге жылына өнімділігі 40 мың т көмір және 16 мың т мазут болатын эксперименталды ғылыми ауқымы кең көмірлі-мұнай комплекстің жобасын жасады. Процесс өнімділігі тәулігіне 50 кг көмірді өңдейтін пилоттық қондырғыда өндірістік-тәжірибелік сынақтан өтті. Сынақ процесінің жоғары тиімділігін және өзін-өзі ақтайтынын, алынған жанғыш-майлы материалдар, сонымен бірге мұнайхимиялық синтез үшін әртүрлі жартылай өнімдердің (бензол, толуол, ксилол, этилбензол және т.б.) сапасын көрсетті.

Шетелдік аналогтармен (ресейлік, неміс, америкалық, жапондық және оңтүстік африкалық) салыстырғанда жасалған технологияның ғылыми жаңалығы – дайындау, сұйылту, көмірдің гидрогенолизі, процесс өнімдерін гидрлеу және қолдану сатыларындағы шектеулі технологиялық шешімдер болып табылады. Технология көмірхимиялық комплекстің мини-зауытына арналған арнайы мұнай өңдеу қондырғысын енгізу арқылы табиғи кенді материалдар мен қалдықтар негізінде аз дефицитті және арзан катализаторды қолдануымен ерекшеленеді. Сонымен бірге жобада көмірді термодаярлау және кептіру, шламдарды өңдеу процестерінің оригиналды технологиялық шешімдері қолданылған.

Жақсынтай Қайырбекұлы жас мамандарды тәрбиелеу, баулу жұмысында үлкен жұмыстар атқарып, жетекшілігімен 2 докторлық, 17 кандидаттық және 1 PhD доктор диссертациялары қорғалды.



Екі рет ҚР БҒМ «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантына ие болды (2008, 2013жж).

Профессор Ж.Қ. Қайырбекұлының бақа авторлармен бірге 4 монография, 450-ден астам тезистері мен ғылыми мақалалары, 2 оқулық және 10 оқу құрама (лабораториялық практикумға арналған методикалық нұсқаулар, қоңыр көмірді каталитикалық гидрогендеу процесі үшін жоғары қысымдағы қондырғысы оқу процесіне енгізілген) жарыққа шыққан, оқу процесіне соңғы ғылыми жетістіктерді енгізу туралы 7 акті, 27 авторлық куәлік пен патенттер алынған.

Халқымыздың ғұламасы Ғабит Мүсіреповтің «Үлкендер арасында кішкене, кішілер арасында үлкен емес» деген қанатты сөзі профессор Жақсынтай Қайырбекұлына арнап айтылғандай.

Бәрінен де жол үстіне төсесең – мыңдаған шақырымға созылатын жазбаларымен; жан дүниесіне бойласаң – адамгершілік асыл қасиеттерімен ерекшеленетін мерейтой иесі қандай марапатқа да әбден лайық.

Е.А. АУБАКИРОВ, профессор;
Ж.Х. ТАШМҰХАМБЕТОВА, доцент

ЮБИЛЕЙ ПРИЗНАННОГО УЧЕНОГО

17 марта 2014 г. исполнилось 60 лет со дня рождения Муна Григория Алексеевича – доктора химических наук, профессора, академика Национальной инженерной академии Республики Казахстан.

Мун Г.А. после окончания химического факультета Мордовского госуниверситета в 1997-1980 гг. обучался в аспирантуре МГУ им. М.В.Ломоносова на кафедре высокомолекулярных соединений, где защитил кандидатскую диссертацию по специальности «химия высокомолекулярных соединений» в 1984 г. С 1988-1999 гг. – научный сотрудник, старший научный сотрудник, старший преподаватель кафедры химии высокомолекулярных соединений, докторант КазГУ им. аль-Фараби. В 2001-2009 гг. – профессор, заведующий кафедрой химической физики и химии ВМС, в 2009-2010 гг. – заведующий кафедрой коллоидной химии и химии ВМС, в 2011-2012 гг. – заместитель заведующего по научно-инновационной деятельности и международным связям кафедры химии и технологии органических веществ, природных соединений и полимеров КазНУ им. аль-Фараби, с 2013 г. – профессор этой кафедры.

Профессор Г.А. Мун – признанный ученый в области химии и физики полимеров, химической технологии, полимерного материаловедения и нанотехнологии. Его высокая профессиональная квалификация и

большой опыт научной деятельности, соответствующий международному уровню, подтверждается много численными публикациями в высокорейтинговых специализированных журналах России и дальнего зарубежья (свыше 90). Он имеет самый высокий индекс цитируемости среди всех ученых Казахстана (Sum of the Times Cited=987), а также самый высокий в РК индекс Хирша (h-index=18), который наиболее полно отражает вклад ученого в развитие глобальной науки. В 2010 г. он был удостоен награды компании Thomson Reuters за достижения международного уровня в научных исследованиях. По данным того же агентства, Г.А. Мун на протяжении нескольких последних лет занимает первую позицию в мире по рейтингу среди всех ученых и специалистов в области интерполимерных комплексов, являющихся традиционным объектом исследования нанонауки и нанотехнологии.

Г.А. Мун – автор двух научных открытий, свыше 500 научных работ, 2 учебных пособий, 4 монографий, опубликованных в серии «Библиотека нанотехнологии», в том числе одной монографии на английском языке (издана в г. Сеул, Южная Корея). Под его



руководством защищено 14 кандидатских диссертаций, а также 5 диссертаций доктора философии (PhD) в области химии.

В 2006 и 2011 гг. проф. Г.А. Муном был получен республиканский государственный грант «Лучший преподаватель вуза», в 2004 и 2008 гг. ему присуждалась Государственная научная стипендия для ученых и специалистов, внесших выдающийся вклад в развитие науки и техники. В 2011 году награжден медалью «Қазақстан Республикасының тәуелсіздіне 20 жыл».

От лица коллектива факультета химии и химической технологии и всех учеников

поздравляем Григория Алексеевича Муна с юбилеем!

Желаем крепкого здоровья, счастья и благополучия, дальнейшей плодотворной работы и осуществления всего задуманного!

Е.К. ОНГАРБАЕВ,
декан факультета химии и химической технологии;

П.И. УРКИМБАЕВА,
доцент кафедры химии и технологии
ОВ, ПС и полимеров

МАМАНДАР ЖҰМЫС БЕРУШІ ТАЛАБЫНА САЙ ДАЙЫНДАЛАДЫ

Жұырда журналистика факультеті Баспа ісі және дизайн кафедрасы мен Жұмыс берушілер кеңесі «Баспа ісі мамандарын даярлаудың ғылыми-инновациялық бағыттары мен оларды жұмыспен қамту жолдары» деген тақырыпта алқасөз өткізді. Алқасөзге университеттің оқу ісі жөніндегі проректоры Ахмет-Заки Дархан Жұмаханұлы, журналистика факультетінің деканы Өмірхан Әбдіманұлы, Мансап және бизнес орталығы директоры Қайыржан Әбдіхалықов, баспа ісі және дизайн кафедрасының меңгерушісі С. Медеубек және «Қазақстан», «Атамұра», «Арыс», «Қазақ энциклопедиясы», «Алматыкітап», «АН-Арыс», «Мектеп», және «Қазақ университеті» баспаларының басшылары мен өкілдері қатысты.

Проректор Дархан Жұмаханұлы еңбек нарығының талаптарына сай, бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда жұмыс берушілермен тығыз қарым-қатынас орнату маңызын түсіндірді. Журналистика факультетінің деканы Өмірхан Әбдіманұлы білікті баспагер-редакторлар дайындауда жас мамандардың шыңдалатын шеберханасы өндіріс екенін айтып, тәжірибелі мамандарды әріптестікке шақырды. Ал баспа ісі және дизайн кафедрасының меңгерушісі Сағатбек Медеубекұлы жұмыс берушілерге «Баспа ісі» мамандығының оқу-жұмыс жоспарындағы таңдау пәндері мен дипломдық жұмыс тақырыптарын талқылап, ұсыныс пікірлерін білдірулерін сұрады.



Жұмыс берушілер тарапынан да ұтымды пікірлер айтылды. «Арыс» баспасының директоры Ғарифолла Әнес жастарды кітап басу саласын зерттеуге тарту қажеттігін айтса, «Мектеп» баспасының бас редакторының Әуелай Оспанова мекемелері мектеп оқулықтарын шығаратындықтан салалық редакторлар (химик-редактор, физик-редактор) тапшы екенін алға тартты. «АН-АРЫС» баспасының редакторы Кәдірбек Құныпияұлы қазақ кітаптарының өңірлерге, облыс-аудан орталықтары мен ауылдарға жетпей жатқандығын айтып, кітап тарату мамандарын даярлауға ден қою қажеттігін

алқасөз қонақтарының назарын аударды. «Қазақ университеті» баспасының директоры Асан Алмаз Талғатбекұлы соңғы жылдардағы баспаға енгізген жаңа инновациялық технологияларды меңгеріп, ірі жобаларды жүзеге асырып жатқандығы жайлы әңгімеледі. Маман даярлаушының да, жұмыс берушінің де көздеген мақсаты қазақ кітап басу ісін дамытып қана қоймай, қазақ руханиятын өркендету екені алқасөз барысында айқын сезілді.

М. МАЙЛЫҚТОВА,
баспа ісі және дизайн кафедрасының аға оқытушысы

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының 2014 жылғы 23 қаңтардағы бұйрығына сәйкес, 2014 жылдың қаңтар айының 14 жұлдызынан бастап, заң факультеті жанынан құқықтық тәрбие орталығы ашылды. Осы тәрбие орталығының директоры қызметіне з.ғ.д., профессор, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Ағыбаев Арықбай Нүсіпәліұлы тағайындалды.

Заң факультетінде 25 заң ғылымдарының докторы, 54 заң ғылымдарының кандидаты, 5 PhD докторы және 44 оқытушы, жалпы саны 128 ұстаз еңбек етеді. Заң саласында еңбек етіп жатқан ұстаздар қауымы, магистранттар, докторанттар елімізде заң шығару ісіне, заңдарды жетілдіруге тиісінше үлес қосуда. Көптеген ұстаздар Қазақстан Республикасы Парламентінің заң жобаларына сараптама жасауға қатысады. Студенттер, магистранттар өздерінің ғылыми ұсыныстарын үнемі бұқаралық баспасөз беттерінде жариялауда.

Аталмыш орталық ізгі істерді бір жобаға келтіруді, студенттерге құқықтық тәрбие беру ісін жетілдіруді, сондай-ақ құқықтық білім мәселелері бойынша ғылыми кеңестер өткізіп, ғылыми жинақтар шығару мақсатында ашылды.

Құқықтық тәрбие орталығы заң факультетінің 305 дәрісханасында орналасқан, ішкі телефон нөмірі – 1362. Заңға байланысты мәселелер болса, осы орталықпен байланыс жасап тұрыңыздар!

Құқықтық тәрбие орталығы

ОТДЫХ КАК ФОРМИРОВАНИЕ КОРПОРАТИВНОЙ КУЛЬТУРЫ

История КазНУ богата разнообразными событиями научно-образовательной и общественной жизни, она пропитана энтузиазмом молодых и мудростью наставников, мощью энергетикой знаний и силой научной мысли. Творческий поиск и кропотливый каждодневный труд многих поколений студентов, преподавателей и сотрудников ведут к общей цели, на благо и процветание народа, страны, вуза.

Умея работать, человек должен уметь и отдыхать, развиваясь духовно и расширяя свой кругозор новым и неизведанным. Коллектив нашего университета ежегодно благодаря поддержке профсоюза работников «Парасат», в том числе профгоров Исаевой М.К. (ДФЭФ) и Дюсюповой Г.К. (ДАВ) выезжает в различные зоны отдыха с культурно-развлекательной программой. К примеру, на оз. Иссык-Куль на базу отдыха СОЛ КазНУ, где председатели профбюро принимают участие в Летней школе профсоюзного актива, различных тренингах, отчитываются о проделанной работе за год, делятся опытом и празднуют День Нептуна.

Одним из таких летних мероприятий

стал выезд коллектива КазНУ на отдых на оз. Иссык. Знакомство с этим озером, которое расположено в 70-ти км от Алматы, началось еще в автобусе, где гид рассказала его историю. По пути к нему наша команда заехала в музей Иссыкского Золотого человека. Золотой человек (Алтын адам) представляет собой останки сакского воина в золотой одежде, который был найден в 1969 г. в результате раскопок кургана Иссык на берегу реки Иссык, достигавшего высоты 6 метров, а в диаметре – 60 метров. В музее мы ознакомились с основными событиями истории и посмотрели курган, где нашли Золотого человека.

Приехав на оз. Иссык, в первую очередь, нашли место для стоянки и отдыха, где

повара-мужчины начали готовить обед на открытом костре. Разделившись по группам, кто-то ушел для исследования местности, кто-то – купаться, другие – играть в футбол и в волейбол, а оставшиеся загорать на солнце или просто наслаждаться природой и свежим воздухом.

На обратном пути по Кульджинской трассе наша команда заехала на Страусиную ферму, где нам предложили изысканные блюда из мяса и яиц страуса. Гид фермы рассказал, как они ухаживают за этими птицами, об их повадках и особенностях поведения. Также на ферме, оказывается, разводят и оленей.

Недавно дружный коллектив КазНУ также съездил в Евразийский этнокультурный парк «Лесная сказка». Здесь мы прекрасно провели время, катаясь с горки на санках, на ледовом катке и на баллонночной трассе, преодолевая препятствия в лесном веревочном и

скалолазном парках и т.д. Разделившись на две команды, участники встречи провели соревнования и состязания на силу и ловкость. По подведенным итогам, победившая команда получила свой заслуженный приз.

Хотелось бы еще раз поблагодарить сотрудников профсоюза «Парасат» за их работу и заботу о нас. Ведь коллектив на природе набирается сил, энергии и бодрости.

За одним дастарханом и в неформальной обстановке люди обмениваются мнениями, опытом, дают советы и помогают друг другу. Отдых на природе сближает людей, помогает забыть рабочую и домашнюю суету, позволяет насладиться живым общением и красотой природы, положительно влияет на наше самочувствие, поведение и работоспособность.

Айгуль КАРКАНОВА

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАР ФЕСТИВАЛІ ӨТТІ

Жақында жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті, шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасында «Тілдерді оқытудағы инновациялық технологиялар» атты республикалық педагогикалық идеялар фестивалі болып өтті.

Аталмыш фестиваль осымен үшінші рет өткізіліп отыр. Фестивальге 12 жоғары оқу орнынан келген білікті де тәжірибелі мол оқытушылар қатысты. Бұл фестивальдің мақсаты – кейінгі жас буын ізденушілерге, еңбек жолын жаңа бастап келе жатқан жас оқытушыларға өз ақыл-кеңестерін беріп, тәжірибе алмасу мен қазақ және орыс тілдерін шет тілі ретінде оқытуда кездесетін күрделі мәселелерді оңтайландыру болып табылады. Жоспарланған секция жұмыстарын орыс филологиясы, орыс және әлем әдебиеті кафедрасының профессоры, филол. ғ. д. Л.В. Екшембева мен шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының доценті, филол. ғ.к. Г.Ә. Мұсаева жүргізді.

Секция жұмысында республиканың әр тарапынан және Алматы қаласындағы ЖОО-дан келген білікті де тәжірибелі оқытушылар шеберлік сыныптарын өткізді. Сонымен қатар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының аға оқытушысы И.И. Сапронова «Использование художественных текстов на занятиях по научному стилю речи (экономический профиль)», Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті орыс филологиясы кафедрасының профессоры, филол. ғ.к. С.И. Камелова «Русский алфавит для начинающих», Қазақ-Америка университетінің оқытушысы М.К. Катенова «Ойын технологиясын қолдану – оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, тілдік зейінін дамыту құралы» атты тақырыптарда баяндама жасап, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Фестиваль соңында кафедра меңгерушісі филол. ғ.д., профессор Г.К. Ихсанғалиева қонақтарға тұщымды баяндамалары мен шығармашылық идеялары үшін алғысын білдіре отырып, фестивальге қатысушыларға сертификаттар табыстады.

С.Р. НҮРТИЛЕУОВА,
шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының аға оқытушысы

ҚОЛЖАЗБАЛАР ҚҰПИЯСЫ

Жақында шығыстану факультетінің арабтану және ирантану кафедрасы Р.Б.Сүлеймонов атындағы Шығыстану институты жанындағы республикалық тарихи материалдарды зерттеу орталығымен бірге «Жазба дереккөздер мен архив құжаттары: зерттеу әдістері мен каталогтар жасау» атты республикалық ғылыми семинар өткізді.

Семинар отандық шығыстанушы-ғалымдардың жазба дереккөздер мен архив құжаттарын зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен және осы ғалымдардың зерттеу әдістерімен студенттерді, магистранттарды, докторанттарды және жас ғалымдарды таныстыруды мақсат етті. Оған танымал қазақстандық ғалым Шығыстану институты Республикалық тарихи материалдарды зерттеу орталығының директоры т.ғ.д., профессор, ҰҒА корреспондент мүшесі М.Қ. Әбусейітова мен бір топ шығыстанушы-ғалымдар, атап айтқанда, т.ғ.д., үндітанушы Л.Ф. Ерекешева, т.ғ.к., қытайтанушы Ж.Ошан, ф.ғ.к., моңғолтанушы Н.Базылған, PhD доктор Ы.Палтөре, PhD доктор Ф.Қамбарбекова, т.ғ.к. А.Нұрманова, т.ғ.к. Д.Медервалар қатысып, шығыстану ғылымының түрлі салалары бойынша дәріс оқыды. Семинарға шақырылған дәріскерлер шығыс және батыс елдерінің қолжазба қорларында сақталған араб, парсы, түрік, моңғол және қытай тілдеріндегі жазба дереккөздер мен архив құжаттарын зерттеудің жолдары мен каталогтар жасаудың әдістерін қатысушылар назарына ұсынды.

Семинарға қатысушылар семинар барысында отандық шығыстану ғылымының тың зерттеулерімен, қолжазбалар мен архив құжаттарын зерттеудің жаңа әдістерімен жан-жақты танысты және дәріскерлерге өздерін қызықтыратын сұрақтар қойып, пікір алмасты. Отандық шығыстанушы-ғалымдардың қатысуымен өткен тұңғыш семинар отандық шығыстану ғылымының қарқынды дамып келе жатқандығын және игі бастаманың басында қара шаңырақ ҚазҰУ шығыстану факультеті жүргендігін ерекше атап көрсеткен жөн.

Түркістан МАХМУДОВ,
арабтану және ирантану кафедрасының аға оқытушысы

НАУРЫЗ-НАМЕ

(ЫҚШАМДАЛЫП АЛЫНҒАН)

салынғанындай және құдіретті Йзад Күнді нұрдан жаратқан, сонан соң күннің көмегімен жер мен көктерді жаратқан деп. Барлық адам баласы Күнді құрмет тұтады, өйткені ол Йзад нұрынан жаралған нұр. Олар Күнді салтанатты түрде құрметтейді, өйткені Йзад басқа жаратылстарынан гөрі күннің жаратылуына ерекше көңіл аударған, айталық: патша құлдарының біріне ерекше мейірімін төгіп, барша қауым алдында оның артықшылығын ерекшелеп отыратын болса, патшаның сүйікті құлына құрметпен қарау – патшаның өзіне құрмет көрсеткенмен бірдей болғаны сияқты.

Күн сәулесінен келер берекет барлық жерге бірдей түсуі үшін Құдіреттіде Қасиетті Йзад Күнге орнынан сәл қозғалуды бұйырады, сонда тұрған орнынан сәл қозғалған Күн Тоқты жұлдызының тұсына көтеріледі. Сол мезетте жарық пен қараңғылық айырылады да тәулік күн мен түнге бөлінеді. Дүние тарихы осылай басталған.

Бұдан соң бір мың төрт жүз алпыс бір күн өткенде Күн белгілі күні, белгілі сағатта, дәл сол жерге қайтып оралады. Осы мерзімде Юпитер мен Сатурн жетпіс үш рет түйіседі. Бұл сәтті «кіші түйісу» деп атайды, ол жиырма жылда бір рет қайталанып тұратын заңдылық. Күн айналымын аяқтап сол нүктеге қайтып оралғанда Сатурн мен Юпитердің түйісуі Сатурнның құлдырау мерзіміне сай келетін жұлдызбен ұшырасады. Ал ол жұлдыз – Сатурнның өрлеу сәтіне қарама-қарсы тұрған Таразы (Мийзам) шоқжұлдызында.

Бұл Күннің бір айналымы. Екінші айналымы – біз көрсеткен ретпен және біз көрсетіп кеткен жұлдыздардың жолымен өтеді.

Күн Тоқты шоқжұлдызынан шыққан сәтте құдіретті Йзадтың әмірімен Сатурн, Юпитер басқа да жұлдыздар сол жерге шоғырланып, дүниенің реті өзгерді, дүниеге және оның тағдырына байланысты басқа құбылыстар да орын алды.

Күн айналымын әркім өздігінен бағдарлап тануы мүмкін болмағандықтан және Күнге деген ерекше құрметтерін білдіру мақсатында Иран патшалары осы күнді (Наурыз) тойлау дәстүрін енгізіп, ол дәстүрдің өзгермей сақталып отыруын қадағалаған.

Кайумарс бұл күнді жаңа жыл есебінің басталуы деп жария еткенде Күннің әрбір үш жүз алпыс бес күндік айналымын он екіге бөліп, әр бөлігін отыз күннен тұратын қылып, оларды құдіретті Йзад ғаламға жіберген он екі періштенің атымен атаған.

Және ол үш жүз алпыс бес күн және тәуліктің төрттен бірінен тұратын үлкен айналымды анықтап, оны үлкен жыл деп атап, төртке бөлген. Үлкен жылдың төрт мерзімі өткенде үлкен Наурыз келеді де бар дүние түлеп-жаңарады. Патшалар орнатқан тағы бір дәстүр – жаңа жыл

басында жарылқау алу ниетімен олар басқа да мейрам күндері мен даталарды атау рәсімдерін өткізіп отыратын болған. Наурыз күнін тойлап көңілді өткізген адам жыл бойы көңілді де жайлы күй кешеді деп сенген. Бұл тәжірибені ғалымдар патшалары үшін арнайы белгілеп беретін болған.

Фарвардин айы — пехлеви тілінен келген сөз, өсімдіктердің өсіп-өне бастаған уақытын білдіреді. Бұл ай Тоқты шоқжұлдызына жатады, айдың басынан аяғына дейін Күн осы жұлдыз шоғырынан табылады.

Урdbиxишт — яғни бұл айдың көтеріңкі көңілді жайы бейішке ұқсайды, пехлеви тілінен бихиш – бейіш, урд – сияқты (ұқсас) деп аударылады. Бұл айда Күн Торпақ шоқжұлдызынан табылады – көктемнің бел ортасы.

Хурдад айы — адам баласын астық өнімімен, көкөніс-жемістермен қамтамасыз ететін ай. Бұл айда Күн Егіздер шоқжұлдызында.

Тир айы — бидай, тары сияқты астық түрлерінің алғашқы өнімдерін бөлісетін мерзім. Шаян шоқжұлдызында тұрған Күн төмендей бастайды – жаз маусымының алғашқы айы.

Мурдад айы — жер беретін жеміс өнімдерін бұл уақытта толық беріп болады. Бұл айдың ауа райы жер топырағының табиғатына ұқсас келеді. Жаз маусымының тең ортасы. Бұл айда Күн Арыстан шоқжұлдызында.

Шахривар айы — патшалардың қазынасын толтыратын молшылық айы. Шаруа адамының салық төлеуіне қолайлы мезгіл. Бұл айда Күн Бикеш шоқжұлдызында.

Михр айы — адам балаларының арасында достық пен бірлік нығая түсетін мерзім, жер берген астық өнімі, миуа-жемістер – солардың ризығына, олар бас қосып бұйырған молшылыққа ортақтасып ішіп-жейді. Күн бұл айда Таразы шоқжұлдызына ауысады. Күз маусымының алғашқы айы.

Абан айы — жаңбыр көп жауатын мерзім болғандықтан су мол болады, диканшылар егіндіктерін суарумен айналысады. Бұл айда Күн Шаян шоқжұлдызына көшеді.

Азар айы — пехлеви тілінде «азар» – «от» дегенді білдіреді. Ауа райы суыта бастағандықтан от жылуына мұқтаждық күшейе түседі, яғни бұл «от» айы. Күн бұл айда Мерген шоқжұлдызында.

Дай айы — пехлеви тілінде «дай» – «сайтан» дегенді білдіреді. Бұл айдың райы қаһарлы, жер бетіндегі жайдары жайсаңдық өткен сәт болғандықтан оны жайсыздығына орай «дай» деп атаған. Күн Таутеке шоқжұлдызында. Қыс маусымының алғашқы айы.

Бахман айы — ауа райы суыта түседі, құрғақшылық орнайды, бұл айдың мінез-құлқын «дай» айына ұқсатады. Бұл айда Күн Сатурнмен бірге Суқұйғыш жұлдыздар

шоғырында, Таутеке шоқжұлдызына жақын тұрады.

Исфандармуз айы — пехлеви тілінен «асфанд» – «жеміс» деп аударылады, яғни бұл айда өсімдіктер мен жеміс ағаштары тамыр жібере бастайды. Бұл айда Күн жұлдыздар керуеніндегі соңғы – Балықтар шоқжұлдызына ойысады.

Кайумарс бұл уақытты он екіге бөліп жыл есебінің бастамасын белгілейді. Бұдан соң ол қырық жыл өмір сүрген. Ол дүниеден қайтқан соң таққа келген Кайумарстың мұрагері Хушанг тоғыз жүз жетпіс жыл патшалық еткен. Хушанг жын-сайтандарды жеңіп темір ұсталығы, ағаш ұсталығы, тоқыма тоқу сияқты қолөнерлерін және ара балын алу, жібек құртынан жібек мата өндіруді ойлап тауып, бүкіл ғұмырын шат-шадыман жайсаң күйде өткізген. Оның есімі ел аузында тек жақсылықпен аталатын болған.

Онан соң таққа Тахмурас отырып, отыз жыл патшалық еткен. Ол да жын-сайтандармен күресіп, көше, базар салғызған, жүн мен жібек жіптен тоқыма тоқуды дамытқан. Сабилер дінін дәріптейтін тақуа Бозасп деген адам бұған қарсы шыққан. Тахмурас сабилер дінін қабыл көріп зуннармен белін буған. Күнге табынып, адамдарға жазу жазуды үйреткен. Тахмурас – яғни жын-сайтандары жеңуші деп аталған. Өзінен соң патшалыққа інісі – Жәмшид келген.

Жыл есебі басталған уақыттан бері бір мың қырық жыл өтті, фарвардина айының алғашқы тәулігінде Күн тоғызыншы (Мерген) шоқжұлдызына енген. Жәмшидтің патшалығынан соң төрт жүз жиырма бір жыл өткенде Күннің бұл айналымы аяқталып, фарвардин айында Күн Тоқты шоқжұлдызының басына ауысады да дүние теңдігі орнайды.

Жәмшид жын-сайтандарды жеңеді, монша салуды, зерлі мата (парча) тоқуды бұйырады. Оған дейін зерлі мата «сайтанның тоқымасы» деп есептелген. Бірақ, ақыл мен тәжірибенің арқасында адам баласының түсінігі өзгеріп, қазіргі қалыпқа жетіп дамығанын көреміз. Онан соң Жәмшид есек пен жылқыны будандастырып қашыр тұқымын шығарады. Жерасты қазбаларынан асыл тастар тауып, қару-жарақ, зергерлік бұйымдарын жасауды жолға қояды. Таукен қойнауларынан алтын, күміс, жез, қола, қорғасын сияқты пайдалы заттарды өндіріп олардан тәж, тақ, білезік, алқа, сақина сияқты құнды заттарды жасауды іске асырады. Мускус, амбра, камфара, шафран, алоэ сияқты жұпар иісті заттарды табады. Сөз болып отырған күн жыл сайын тойланатын болып, оның атын Наурыз деп атайды.

Фарвардин айының бірінші күнін жаңа жылдың басы деп, оны Күннің үлкен айналымы басталғанға дейін мейрам күні есебінде тойлап отыру дәстүрінің сақталуын бұйырған. Наурыздың басталу тарихы осындай...

Міне, Наурыз туралы ақиқат осы.

Біз бұның бәрін өткен ғалымдардың кітаптарынан табылған мағлұматтардан, кейбір ғалымдардың айтқандарынан танып білдік.

... Енді осы кітаптің басты тақырыбы Наурызға оралайық.

Мүбәдтар мүбәдінің келуі және Наурыздың жария етілуі

Кейхосроу заманынан Иранның соңғы

патшасы Йаздиджарда заманына дейін Иран патшаларының салт-дәстүрлері бойынша Наурыз күні патшаның отбасынан шықпаған адамдардың алдыңғы қатарлысы болып мүбәдтар мүбәді келеді: Ол патшаға шарап құйылған алтын көзе, сақина, дирхем мен патша динары, бір құшақ жаңа шыққан арпа өскіні, семсер, садақ пен оқ, сия мен қалам алып келеді және парсы тілінде сөзінің желісіне орап патшаға мақтау сөздерін айтып, оған деген алғысын білдіреді. Мүбәдтар мүбәд сөзін аяқтаған соң, ұлықтар ілгері шығып қызмет көрсете бастайды.

Мүбәдтар мүбәдінің айтатын мақтаулары:

«Уа патша! Фарвардин айында фарвардин мейрамы күні Йаздан мен Кай діні үшін сен еркін отырғайсың. Суруш саған ғұламалық, көріпкелділік, білімділік дарытты, арыстан мінезділігіңнен айнымай ұзақ жасағайсың, алтын тағыңда шат-шадыман күйде отыратын бол, мәңгі бақи Жәмшид көзесінен сусында, бабалар салтын жайсаңдықпен, кеңпейілділікпен сақтағайсың, әділ де шыншыл бол, басың ағармасын, жастығың мына арпаның жаңа шыққан өскініндей болып қала берсін, мінген атың ширақ та жеңімпаз болсын, семсерің үнемі жарқырап дұшпаныңа айбат шегіп тұрсын, бүркітің аң аулауда алғыр болсын, істеген ісің оқтай тұзу болсын, жаңа мемлекеттерге иелік ет, тақта отырғанда қолыңда дирхем мен динар болсын, дарынды да білімді адамдарың құрметке бөленіп, олар жалақы алып отыратын болсын, сарайың гүлдене түссін, өмір жасың ұзақ болсын».

Осы сөздерден соң мүбәд көздегі шараптан бір ұрттап, оны патшаға ұсынады, патшаның екінші қолына арпа өскінін ұстатып, дирхем мен динарды тағының алдына қояды. Ұлықтардың Наурыз мейрамы күні алғашқы көрген заттары оларға жыл бойы көңілді де қуанышты көңіл-күй сыйласын, көздері көрген асылдармен бірге бақытқа жетсін деген тілек білдіреді.

Патшаға ұсынылған асыл заттар – шаттық-қуанышқа бөлейтін, дүниенің салтанат құруына жеткізетін дүниеліктер.

Түсініктеме:

1. Омар Хайям. «Наурыз-наме». Аудармадағы материал Германия мемлекеттік кітапханасындағы (Берлин) қолжазбадан, кейбір ескерілмеген бөлімдері Британия мұражайындағы (Лондон) қолжазбадан алынған.

2. Наурыз («жаңа күн») – көктем айында күн мен түннің теңескен сәті – Жаңа жыл есебінің басы болып саналады. Қазіргі заманда бұл күн март айының 20-22-не келсе, Хайям өмір сүрген заманда 14-16 күндеріне келген. Наурыз мейрамы зороастрийлықтардың басты діни мейрамы болған. Бұл дінді негізінде Иран мен Орта Азия елдері және арабтардың келуінен бұрын Закавказье халықтарының кейбіреулері ұстанған. Иран, Ауғанстан, Әзірбайжан басқа да Шығыс елдерінде қазіргі заманда да Наурыз жалпы халықтық мереке болып есептеледі. Иран, Ауғанстанда ресми Жаңа жыл мейрамы.

Қазақ тіліне аударған
Клара СЕРІКБАЕВА

“Селтеткізері” серінің сыр алғызып, Ұяң сұлу ұсынар “Ұйқыашарын”

Халқымызда Наурыз мейрамына орай қалыптасқан салт-дәстүрлеріміз көп. Сирек құбылысқа айналған ол дәстүрлерді бүгінде біреу білсе, біреу білмей жатады. Әсіресе жастар арасында. Мысалы, 14 наурыз қазақтарда көрісу күні деп аталады. Бір жыл аман-есен осы жылдан шықтық, жұмысымызды ойдағыдай атқардық деп бәрі бір-бірімен көрісіп жатады. Сондай-ақ үлкен кісілер наурыз көже ұсынады. Бұл үлкендер тарапынан жасалынатын дәстүр болса, жастар жағы жігіттер ұнатқан аруына селтеткізер жасап, сезімін білдіреді, егер қыз қабыл алса, ұйқыашар әзірлеп ұсынған. Әр ете, селтеткізер деп атап жігіттер әтір, тарақ сынды бұйымдарды сыйға тартқан. «Қазақ университеті» газеті дiңгегі түп негізімізде жатқан, бүгінде ұмыт болған осы игі дәстүрлерді қайта жандандыру, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтау мақсатында баспасөздік нұсқасын жасап, насихаттауға өз үлесін қосып келеді. Биыл да дәстүр бойынша олардың үлгісін ұсынып, көпшілік арасындағы пікірлермен бөлісіп отырмыз.



■ ҰЙҚИАШАР



Көшiнде салқындаған Көктөбенiң,
Арыңнан бiр жылу төккен едiң.
Аңнала күзгi мұңға оранса да,
Бегiмде бұр ашқан көктем едiң.
Сезiмдi «селтеткiзген» кербез ару,
Өзiңдi шын бақытым деп келемiн.
Баураған соң елiктей қылығыңмен,
Жаныңнан бiр елi де шеттемедiм.
«Селтеткiзер» сөзiмдi арнаған соң,
Бетiмнен қайтармайды деп сенемiн.

Ерназар НАМЕТҚҰЛОВ,
жас ақын



■ СЕЛТЕТКІЗЕР



Махаббаттың белгiсi көктем едi,
Көктөбеде сезiмдер көктеп едi.
Жолықтырып. Одан соң телiмептi
Өзiңiзге тағдырым текке менi.
Жүргенге ару қызы болып арман,
«Ұйқыашарын» алған соң бағы жанған.
Татулық пен махаббат айы атанған,
Осы салт та наурыздан орын алған.
Ұлыстың ұлы күнi нұр шашқан күн,
Қазағымның салтымен сый тартармын.
Ып-ыстық сезiмiмнiң белгiсi деп,
Қабыл ал, «ұяң қыздың ұйқыашарын»!



Гулмарал ҚАРТБАЕВА,
филология, әдебиеттану және әлем
тілдері факультетінің 3 курс студенті

Сандуғаш ҚАРТАЕВА,

Жастар ұйымдары комитетінің жетекші маманы,
журналистика факультетінің докторанты:

– Ұлттық дәстүрлерімізді білу, құрметпен қарау әрі дәріптеу барша жастың міндеті деп білемін. Бұл орайда университетіміздің студенттік ұйымдарында түрлі шаралар ұйымдастырылып тұрады. Мысалы, 14 наурыз көрісу күнін тарих, археология және этнология факультеті, филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті және журналистика факультетінің студенттік ұйымдары атап өтті. Сондай-ақ Жоғары студенттер кеңесімен бірге университеттік деңгейде «Ақсүйек» ойыны өткізілетінін айтқым келеді. Бұл 1-курсарға арналған және заманға сай форматы өзгерген. Демек, олар қай ғимарат қай жерде немесе қай жатақхана қайда деген тапсырмалармен көбіне ғимараттарды іздейді. Ұйқыашар мен селтеткізер де факультеттік деңгейде жасалынып жатады. Бұл дәстүрлерді жастар арасында насихаттау әрі дәріптеу аса маңызды деп санаймын.

Асан АЛИЕВ,

«Көкжиек» ғылыми-шығармашылық клубының төрағасы:

– Ұйқыашар мен селтеткізер – қазақтың ертеден келе жатқан қадірлі де, қасиетті салт-өнегелерінің бірі. Сәйкесінше бұны заман талабына сай жасау біздің алдымызда тұрған басты бағыттардың бірі. Енді соның жаңаша баламасын ойлап табу – негізінен әлі де алдағы уақытта жетілетін идея. Мынадай ұсыныс: жігіттер мен қыздар деп топқа, сосын жұпқа бөліп, алдымен оны бір топ мамандық студенттерімен жасап, тәжірибе жинау керек. Мысалы, қыз жігітті білетін болса, сол жігіттің бөлмесінің алдына бір қазан пісірілген тамақты қойып кетуі, ең бастысы «ұйқыашар» быламық тамақ ретінде ұсынылған ғой, сондықтан біз сыйлықтың форматын өзгертіп алмауымыз керек. Қыздар дәмді тағамдардан әзірлесе, ал жігіттер қыздарға косметика немесе өз шама-шарқынша қыздар тұтынатын заттарын ұсынғаны абзал. Бұны бір апта көлемінде ұйымдастырып, жүргізу керек. Қорытындысында басшы жұптарын бір-бірімен таныстыру керек. Өйткені кім-кімге жұп болатынын басшы жазып алу керек, соңында сол жұптарға деген сияқты номинациялар тағайындап, концерттік бағдарламамен аяқтау керек деп ойлаймын. Ата-бабамызың осындай дәстүрін, әсіресе біздер студенттер дәріптеп, оны әрі қарай дамыта беруіміз керек.

Дайындаған: Мөлдір ҚҰМАШЕВА

ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТТЕ НАУРЫЗ ТОЙЫ БАСТАЛДЫ

Наурыз – халқымыздың ғасырлар бойы салтанатын асырып тойлап келе жатқан бірден-бір атаулы мейрамы. Ғұлама Мәшһүр Жүсіп: «қазақтың қазақ болғанда өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы – наурызнама», – дейді. Ертеде наурыз тойлау сегіз күнге созылған, сол арқылы сән-салтанаты асыл, мазмұны барынша мағыналы, халықтық сипатқа ие болған. Оның бір тартымды, тағылымды көрінісі – көрісу күні. Бүгінде бұл дәстүр еліміздің батыс өңірінде сақталған. Осы салтты кең көлемді жалпыластыру үшін танымдық насихаттық көбірек жүргізілгені абзал. Аталған мақсатты орындауды кәсіби және азаматтық борышы санаған университетіміздің білімпаздары игі бастаманы атқаруға кірісіп кетті.

14-наурыз күні ҚазҰУ тарих, археология және этнология факультетінің археология-этнология мамандығы бойынша 1-курс магистранттары «Көрісу күнін» өткізді. Оған факультет деканы Жәкен Таймағамбетов, кафедра меңгерушілері, оқытушы-профессорлар мен магистранттар және студенттер қатысты. Олар ең әуелі бір-бірімен тәс қағыстырып, құшақ айқастырып, жақсы тілектер жаудырып көрісті, жаңа шыққан «бір жасымен», табалдырық аттаған жаңа жылқы жылымен құттықтай отырып, өткен жылды аттандырып, жаңа жылды көтеріңкі мерекелік көңіл-күймен қарсы алды. Оқытушылар мен студенттер жылы жүзбен, бауырмалдық сезіммен қауышып, бір-біріне бақыт пен жетістіктер тіледі. Іле-шала мерекелік думанды концерт басталды. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәдияр Елеуұлы жиылған жұртқа ақ батасын берді,

факультет деканы Жәкен Таймағамбетов барлық оқытушы, білімпаздарды құттықтап сөз сөйледі. Магистранттар өздері дайындаған наурыз тарихы жайлы теле хабарын көрсетті. Одан әрі әуезді ән асқақтап, күй күмбірледі.

Ұйымдастырушылар қазақтың «тобық тығу» ойынын, «ұйқы ашар», «селт еткізер» секілді ұлттық дәстүрлерін дүйім жұртқа паш етіп, мерекенің мерейін асыра түсті. Осы арқылы олар ұмыт болған дәстүрлерімізді жаңа қырынан жарқырата көрсетіп, жандандыруға қадам жасап отыр. Бұл бастама – барлық қазақ жастарына өнеге болуға бек лайық.

Ауылдың алты ауызын археология, этнология және музееология кафедрасының оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты Шара Оңғарқызы бастап еді, дүбірге қызған арнайы шақырылған қонақтар іліп әкетіп ел ілтипатына бөленді, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының студенттері Темірбек



Асқанбаев, Ерқанат Көшенов және Еркебұлақ Кәриповтер құдіретті қазақ әннің қасиетін асырып, көрермендерің айызын қандырып, ұлттық өнеріміздің ғажап болмысын айшықтай түсті. №12 Ш.Уәлиханов атындағы гимназияның 9-сынып оқушысы Абдолла Бексұлтан тартқан төкпе күйдің екпінімен желпінген жұрт нағыз мерекелік сезімге бөленіп қанаттанды. Концерт соңы магистранттар дайындаған ұлттық тағамдар мәзіріне толы наурыздың дархан дастарқанынан дәм татып, наурыз көже ішуге ұласты.

Осылайша, көктем мен жаңа жылды асыға күткен зиялы қауым дәстүріміздің дара үлгісіне куә болып, риза болып тарқасты. 14 наурызда басталған наурызнама 21 наурыз күні археология, этнология және музееология кафедрасының оқытушылары ұйымдастыратын наурыз-думан мерекелік шарасына жалғасады.

Аймара ЕЛУБАЕВА,
археология-этнология мамандығының
1-курс магистранты

3-5 апреля в рамках проекта «Мобильный репортер» в КазНУ при поддержке газет «Ұлан» и «Дружные ребята» проводится форум «Молодых корреспондентов»

“Қазақ университеті” газетінің

Әлмахан БЕГЕНТЕГІ,
биоалуантүрлік-биоресурстар кафедрасының доценті:

Көктем жаршысы – наурызтұл!

Наурызгүл немесе бәйшешек – амариллистер тұқымдасының өкілі, көпжылдық шөптесін өсімдік. Оның орыс тіліндегі «подснежник» атауы оның жартылай қар астында, ерте көктемде гүлдеуіне сәйкес аталған. Наурызгүл еліміздің оңтүстік өңірлерінде ақпан айының соңы мен наурыз айында гүлдейді. Оны Ресей халықтары «көктем шабарманы», – деп те атайды. Өсімдіктің жерасты мүшесі жуашық-бадана, сабағы қысқарып ықшамдалған, оның орнына тек гүлсидамы ғана көрініс береді. Жапырақтары топтасқан, тамыр алқымды-делекті, таспалы немесе сопақ-ланцет пішінді, олар оның гүлдеуіне тік өседі, биіктігі 15-20 см, гүлі көпшілік жағдайда кезеңінде гүлсидаммен бірге түсі әртүрлі болуы мүмкін. Наурызгүлдің ботаникалық ғылыми атауы «галантус», яғни латынша туыстық аты *Galanthus* атына сәйкес. Наурызгүл өте әсем гүлді өсімдік, сондықтан да болар оны мәденилендіру осыдан 500 жыл бұрын басталған. Оны, негізінен, тұқымымен, ал іс жүзінде кадуді сарымсақ тәрізді «балалаған» жас баданаларымен көбейтеді. Жас баданаларды күзде тамыз-қыркүйек айларында топыраққа ұялы тәсілмен отырғызады да, оларды әр 4-5 жылда орнын ауыстырып отырады. Наурызгүл топырақ таңдамайды, тек оны отырғызатын жер ашық, күн сәулесі жақсы түсетін алаңқай болса болғаны.



кезеңінде гүлсидаммен бірге

Наурызгүлдің кейбір түрлерінің бадана-жуашығы дәрілік шикізат ретінде медицинада ауруларды емдеуге пайдаланады. Оның емдік қасиеті баданасының құрамында галактин, галантин және ликорин алкалоидтарының болуында. Өкініштісі орай қала тұрғындарының оның әсемдігіне, ерте гүлдеуіне орай, оны бей-берекет, аяусыз жинап базарға сатуға шығаруы. Мұнымен айналысатын негізінен ақыл-ойы жетілген ересек азаматтар, бұған таңғалмасқа амал жоқ! Сондықтан да оның түрлік деңгейі жылдан-жылға күрт азаюда. Осы тұрғыдан халқымыз табиғат анаға жанашырлық мінез-құлық білдіріп, оны аяласа нұр үстіне нұр болар еді!

Айгүл БЕЙСЕБАЕВА,

қатты дене физикасы және бейсызық физика кафедрасының доцент міндетін атқарушы:

Күн мен түннің теңелуі

Күн G2V спектральдық кластағы сары түстес жұлдыз. Оның жасы теориялық түрде, көбіне Герцшпрунг-Рассел диаграммасында орналасуына байланысты анықталады, Күннің жасы жуық шамамен 5 млрд. жыл. Күн өзінің жылдық қозғалысын екі координатасын (тік шарықтауы мен бұрыштық ауысуы) өзгерте отыра жұлдыздар арасында батыстан шығысқа аспан сферасының үлкен шеңберімен эклиптика бойымен қозғалады. Эклиптика аспан экваторымен екі нүктеде қиылысады: көктемгі күн мен түн теңелу нүктесінде және күзгі күн мен түн теңелу нүктесінде. Күн көктемгі күн мен түн теңелу нүктесінде аспан сферасының оңтүстік жартышарынан солтүстікке өту барысында аспан экваторын қияды. Күн күзгі күн мен түн теңелу нүктесінде солтүстік жартышардан оңтүстікке өтеді. Күн көктемгі күн мен түн теңелу нүктесінде орналасқанда оның екі координаталары тік шарықтауы мен бұрыштық ауысуы нөлге тең болады, жер бетінің барлық географиялық ендігінде шығыс E нүктесінде көкжиектен шығып батыс W нүктесінде көкжиекке батады. Күннің тәуліктік қозғалысының жарты уақыты көкжиек үстінде, қалған жарты уақыты көкжиектің төменгі бөлігінде болады. Бұл күн (жуық шамамен 21 наурыз аралығында) көктемгі күн мен түн теңелу нүктесі деп аталады және Жердің солтүстік жарты шарында көктемнің басталуы болады (бұл кезеңде оңтүстік жартышарда күздің басталуына сәйкес келеді). Көктем 21 наурыздан 21 маусымға дейін созылады. Бұл – астрономиялық жыл мезгілдерінің ауысуы. Астрономиялық уақыттар жазғы және қысқы күн тоқырау нүктелері және көктемгі және күзгі күн мен түн теңелу нүктелері моменттерімен бөлінген. Сонымен қатар жыл мезгілдерінің ауысуының негізгі себептерінің бірі жер осінің эклиптика жазықтығына көлбеулігі. Жер орбитасының эллипстік пішініне байланысты жыл мезгілдері ұзақтылығы әртүрлі. Солтүстік жарты шарда жаз 93.6 тәулікке созылады, күз – 89.8, қыс – 92.8, көктем – 92.8. Сәйкесінше оңтүстік жартышарда – 89,92,8,93,6 және 89.8 тәулік.



Нурмат ТҮНҒАТАРОВ,
механика-математика факультеті деканының орынбасары, доцент

Тіршіліктің құралым бөлшектерінің үйлесімді бірлігі

Наурыз мейрамы – көнеден тойланып келе жатқан мереке. Күні бүгінге дейін жер шарындағы көптеген халықтардың дәстүрлі мейрамына айналып отырған бұл мерекенің қашаннан бері тойланып келе жатқанын дәп басып айту қиын. Көшпелілердің байырғы астрономиялық түсінігі бойынша, әрбір жыл алты ай жаз («йас») бен алты ай қысқа («қыш») бөлінген. Тіліміздегі «алты ай жаз бойы», «ала жаздай», «алты ай қыс бойы», «ала қыстай» секілді сөз оралымдарын осы бір түсініктің жаңғырығы десек болады. Жаз осы бір түсініктің шаруадан мойын босап, жер бетін қуаныш, айларында дүние кеңіп, шаруадан мойын босап, жер бетін қуаныш, шаттық жайлайтындықтан «жағымды», ал қыс айларында суық, аштық, жұт болатындықтан «жағымсыз» саналған. Әуелгі адамдардың жақсылық пен жамандыққа жан бітіріп, оларды адам бейнесінде айтыстырып, күрестіргені туралы қызықты мәліметтер көне жазбаларда көптеп сақталған.



Қыс пен жаздың халық санасындағы осы көрінісі кейбір ғалымдардың Наурыз мейрамының шығу тегін дуалистік теориядан іздеп, жақсылық пен жамандықтың қыс пен жаздың, суық пен жылының, қайырымдылық пен қатыгездіктің күресінен туған деген ой қорытындылауына себеп болды. Алайда «Екі жарты – бір бүтін», «бірлік болмай – тірлік болмас», «тіршілік көзі – бірлікте» деген халық даналығына үңілсек, ата-бабаларымыздың жаратылыс жайындағы түсінігі басқаша екенін көреміз. Бір-бірін үнемі алмастырып отыратын тіршіліктің құралым бөлшектерінің үйлесімді бірлігінен біртұтас жаратылыс, тіршілік туса керек.

Бәтiш ОМАРОВА,

баспа ісі және дизайн кафедрасының аға оқытушысы:

Наурыз мейрамы – ұлттық мәдениетіміздің шұғылалы сәулесі

Наурыз – шығыс халықтарына ортақ ұлы мейрам. Біздің қазақ халқы да, осынау мерекеге ерекше дайындықпен қарсы алған. Наурыздың айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттық, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан белгілері мен таным ұғымдарының үлгі түрлері өте көп. Оның барлығы әр адамды жоғары саналылыққа, әдептілікке, өнегелікке, бауырмалдыққа, көргенділікке, ізгілік пен білімділікке баурайды. Наурыз мерекесін асыға күтетініміз, ерекше даярланатынымыз содан болса керек.



Күн сәулесі жер шарының шығыс бөлігінен таңғы сағат 6-да себездеп атқан кезде біздің өңірімізде бұл сәт түнгі сағат 3-ке тұспа-тұс келеді. Сондықтан да қазақ халқы Жаңа жылды 22 наурыз күні таңғы сағат 3-те қарсы алады, дәл осы сәтте даланы Қызыр баба аралап, Самарқанның көк тасын ерітсе керек. Халық дәстүрі осылай үн қатады. Ең бастысы, наурыз салт-дәстүр, әдет-ғұрып, нәм ұлттық мәдениетіміздің шұғылалы сәулесі іспетті.

«Сұңқар» студенттер көсіподағының ұйымдастыруымен және ректордың қолдауымен бастау алған дәстүрлі «Ең үздік студенттік топ-2014» байқауының алғашқы додасы өяқталды

Наурыз көжесі

22

Наурыз ҚҰТТЫ БОЛСЫН

Гүлнар ОРАКОВА,

метеорология және гидрология кафедрасының аға оқытушысы:

Халықтың ауа райын болжауы

Айдың тууын, тоғысуын, аралық шағын байқап, ғамдап отыратын қазақ халқының көріпкелдері, жұлдызшылары қай кезде ауа райының қандай болатынын дәл тауып, айтып отырған.

Бұл айды қазақ «Наурыз айы», арабша «Мухаррам айы» деп атайды. Қазақтың байырғы жыл қайыру, ай санау, күн есептеу, уақыт белгілеу есебінде 21-наурыз күні жыл басы есептелінеді. Бұл күн мен түннің теңелген күні. Бұл күні аспан аясындағы жұлдыздар бөлекше сәуле төгеді. Ауа райынан сыр бере бастайды. Қазақ есепшілері дәл осы күні жыл басындағы табиғаттың өзгерісіне қарап бақылау жүргізген. Сол арқылы бір жылда болатын ауа райының өзгерісін есептеп шығарып отырған.

Қазақ есепшілері жұлдызды түнді күзетіп, төрт түлік малды бақылап, ұйықтамай таң атырады. Егер осы түні түіе түлігі ернін жи-жиі жыбырлатса, жылқы түлігі қайта-қайта оқыранса, таңертең мал қорадан жайбарақат шықса, онда көктем ерте оралады. Күн тез жылынады. Қазақ наурызда жауып, қатқан қардың үстіне ақсарбас қойдың құмалағын тастап, көктемнің ерте, не кеш келуін болжайды. Егер құмалақ қарға батпай, қар үстінде қалса, көктем қырық күн кешігіп келеді, ал құмалақ қарға бармақ бойы батса, көктем қырық күн ерте келеді, күн ерте жылынады деп ұйғарады.

Қазақ есепшілері тағы да Наурыз күнгі жылы үйектен оралған әртүрлі құстарының тұр-түсіне қарап, ауа райын одан әрі болжайды. Наурыз күні қоңырқаз, аққу, үйрек, шағала, сарыала қаз, ұзаққатарлы құстар келсе, көктем ерте келеді, жаз тез оралады деп болжайды. Көктем мен жыл басы наурыз айының соңына қарай жылы жақтан құстар келе бастағанында қар аралас жаңбыр жауады, суық жел тұрады. Мұны халқымыз құс қанаты деп атаған.

Наурыз айының 17–21 күндері аралығында болатын жауын-шашынды күндерді бесқонақ деп атап, халық осы бесқонақты күтіп, қатты сақтанады. Бесқонақ өтісімен арқасын сәл де болса кеңге салып, көктемгі шаруашылықтарға дайындалады.

Осылайша, табиғатта болатын өзгерістерге қарап, ауа райын болжауға ұмтылған. Келесідей болжамдарға да мән берген жөн:

- Көктемде торғай ерте жұмыртқаласа, күн ерте жылынады.
- Көктемде күн көп күркіресе, егін, шөп мол шығады.
- Көктемнің басында қарға суға шомылса, күн жылынады.
- Көктемде таң күңгірт тартып, күн манаурап көрінсе, жыл жауын-шашынды болады.
- Көктем туғанда таң шашырап атса, ол жылы молшылық, береке болады
- Жыл басында таң өрттей қызарып атса, ол жылы жаманшылық, жұт, қуаңшылық, апаттардың болуы мүмкін.
- Наурыз күні қар жауса, ол жылы жақсылық көп болады.
- Көктемде жауған қар үстіндегі құмалақ батып кетсе, көктем ерте туады, батпай тұрса, көктем кеш туады.
- Көктемде жылқы ықтаса, келер қыс қатты болады.
- Күн ерте күркіресе, ол – жауын-шашынның мол болатындығы.
- Ай қораланса, жаз жаңбырлы, қыс қарлы, боранды болады.
- Қоқиқаз былтырғы ұясын жөндемей жұмыртқаласа, жаз құрғақшылық болады, ескі ұясын жөндеп биіктетсе жаз жаңбырлы болады.
- Көктемнің алғашқы жаңбырында күн күркіресе, шөп көп болады.
- Ұзақ қарға, алдымен, келсе, көктем тез шығады, ал сары ала қаз ерте келсе, созылады.



Алмагүл ҚҰРМАНБАЕВА,

журналистика факультетінің доценті, ф.ғ.к.:

Халықтың ұлы күнге деген сенімі зор

Мерекенің де түрі көп. Бірақ, ғұмыры тіршілікпен етене байланысып, халықтар тарихында мықтап орын алған мерекелер болады. Соның бірі де бірегейі Наурыз мейрамы. Мыңдаған жылдар бойы мерекеленіп келген Наурыз мейрамы, кеңес өкіметі тұсында 1926-1988 жылдар арасында жаллхалықтық сипаттан өңірлік және ауылдық ауқымға тықсырылды. Наурыз көптеген атрибуттық және мазмұндық тұрпатынан ажырап, қарабайырланды әрі сүреңсіз тартты. Ұлыстың ұлы күні саналатын Наурыз мерекесі кеңес өкіметінен тәуелсіздік алған түркі елдерінде ХХ ғасырдың 1988 жылдан бастап қана ресми түрде қолға алынған болатын. Наурыз мерекесі уақыт талабы мен егемен елдің өміріне сәйкес бүкілхалықтық идеологиялық көз қуанышқа айналып келеді. Кемеліне келіп мерекелене қоймаса да, халықтың тіршілік ояңған шақта келетін ұлы күнге деген құрметі шексіз. Бұл жүректерге сенім мен сергектік оятатын берекелі күн. Берекелі күндеріміз көп болғай!



Дінмұхаммед СӘУІРБАЙ,

философия және саясаттану факультеті
«дінтану» мамандығының 4-курс студенті:

Наурыз мерекесі мұсылмандыққа қайшы ма?

«Наурыз» сөзі – зороастризм сенімінің отаны болған парсы жұртының тілі бойынша «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Зороастризм сенімі бойынша жақсылықтар жарықтан, жамандық атаулы қараңғылықтан бастау алады. Наурыз мерекесінің осы айдың 22-сі күні тойлануының себебі жамандықтың бастауы – түнгі қараңғылықтың жіңішкеріп, күндізгі жарықтың ұзаратындығы. Зороастризмдегі жарықты ізгіліктің бастауы ретінде бағалайтын сеніммен үйлесім тапқан. Зороастризм сенімінде отқа ерекше құрмет көрсетіледі. Өйткені от – жарықтың көзі. Ертеде ата-бабаларымыз Наурыздың 21-ші күні түнде отты алаулатып жағып, жаңа жылды қарсы алатын болған. Әлі күнге дейін парсы тектес ұлыстар Наурыз мерекесінде отты маздатып жағып, үстінен секіріп, өздерін пәле-жаладан тазартып жатады. Ал қазір ұлтымыздың Наурыз мерекесінде отты алаулатып жағуды үрдістен үзген. Себебі, отқа табыну ислам сенімі бойынша Ұлы Жаратушыға серік қосушылық саналады. Дегенмен дәстүрге берік ауылды жерлерде әлі де от ананы шақырып «алас, алас» деп, жын-шайтанды қуу, шаңырақ көтеріліп, жаңа түскен келінді босағадан оң аяғымен аттату кезінде отқа май тамызу секілді салттар сақталған. Зороастризм сенімінің мұндай сарқыншақтарының мәдениетімізге сіңісті болып кеткендігін әдет-ғұрыптарымызға жіті назар аударғанда ғана байымдай аламыз. Тегінде, қазір қазақтар отқа май тамызғанда, отқа табынып жатырмын деп ойлаймайды, тек салтты орындаумен ата-бабаның ризашылығын алуды көздейді.

Сонымен бірге ата-бабаларымыз қыстан күйзеліп шыққан елдің көңілін көтеру үшін Наурыз мерекесінде көкпар беріп, бәйгеде ат шаптырып, палуандар күресін өткізіп, ән-жыр айтып, айтыс ұйымдастырып, ұлан-асыр тойда жиылған жұрт бір-біріне «ұлыс оң болсын», «ақ мол болсын», «жасың құтты болсын», «жаңа жыл жаңа табыстарға кенелтсін» деп ізгі тілектерін жүректен ақтара айтады. Ендеше ұлыстың ұлы тойы Наурыз осындай ізгілікке құралған деп айта аламыз. Қазақтың исламды қабылдағанына мың жылдан астам уақыт болды. Егер Наурызды тойлау ислам негіздеріне қайшы болса, факиһтер Наурыз мерекесін өткізуге рұқсат бермес еді, сәбилер дүниеге келгенде қожа-молдалар құлағына «Наурызбай» деп азан шақырып, ат қоймас еді. Сондықтан дәстүрлі исламға (ахлу сунна) сай Наурыз мерекесін дін негіздеріне қайшы емес деп тұжырымдаймыз. Ал фундаменталистердің салт-дәстүрді жоққа шығаратын қатып-семіп қалған көзқарастарын халқымыздың тарихи жадына түскен жарықшақ деуден басқа ештеңе айта алмайсың. Осы тұрғыда, Наурыз мерекесін жыл басы деп қабылдаудың исламға еш сәкеттігі жоқ.

Наурыз мерекесі ислам негіздеріне қайшы емес. Ислам – адамзатты қайырымдылық пен ізгілікке шақырған аса бай мәдениет. Наурыз – халықтың көңілін көтеріп, қуанышқа бөлеп, ізгі тілектер айтысып, жақсылыққа үндейтін ислам негіздеріне қайшылығы жоқ халқымыздың ежелден тойлап келе жатқан жыл басы мерекесі. Наурыз мерекесіне бір сәт өзгенің көзілдірігімен емес, өзіміздің көзімізбен қарасаң, даурығуды қойып, салт-дәстүрдің даналығын сезінетінің бек сенімдімін.



Бетті дайындаған **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**

Кафедра религиоведения и культурологии провела встречу с учениками средней школы №3 (г.Талгар), посвященную вопросам патриотического воспитания

ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ЖИЫН

Жастарды есірткі тәрізді зиянды заттан бойын аулақ ұстауға үйрету, жаман әдеттен жирендіру ұстаздар қауымынан да үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Осы орайда жоғары оқу орнына дейінгі факультеттің ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасында нашақорлықтың тырнағына жастардың қалай ілісетіні, нашақорлықтың денсаулыққа, отбасына тигізер залалы және тікелей өлімге апаратын қауіптілігін ұғындыру мақсатында жиын өтті.

Жалпы ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасында тыңдаушыларға білім берумен қатар әртүрлі танымдық-тәрбиелік, қоғамдық іс-шаралар жолға қойылған. Бұл – тыңдаушылардың сабақтан тыс кезде уақыттарын босқа өткізеулеріне үлкен көмек. Сондай-ақ мұндай шаралар олардың тілдік және әлеуметтік ортаға бейімделуіне жағдай жасайтын бірден-бір мүмкіндік. Осындай игі іс жақында оралман тыңдаушыларының кураторлары С.С. Сүлейменова, К.М. Мұхадиева, Г.Н. Әбдіухитова, А.Б. Жапаровалардың ұйымдастыруымен өтті. «Есірткіге қарсы күрес» тақырыбында өткен жиынды кафедра тыңдаушылары Тұрдыбай Әрмиғазы және Айман Ерматова өлең жолдарымен бастады. Бұл жиынға ҚазҰУ-дың «Салауатты университеттер» Бүкілдүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бағдарламасы бойынша мүшесі Гүлдариха Жұманова, Асфендияров атындағы Қазақ медициналық ұлттық университетінің психиатр-оқытушысы Анар Мұратбаева және жалпы медицина факультетінің 5-курс студенттері шақырылды. Олар өз кезегінде есірткінің осы замандағы ең үлкен эпидемия екенін, оның адам ағзасын улайтын, емі жоқ ғаламат

аждаһа екенін нақты мысалдармен дәлелдей отырып жеткізді. Елбасы Н. Ә. Назарбаев ел дамуының ұзақ мерзімді уақытқа арналған «Қазақстан – 2050» стратегиясында, сондай-ақ үстіміздегі жылы Қазақстан халқына Жолдауында халық денсаулығын сақтауды басты бағдар ретінде қарастырды. Яғни мемлекеттің бірінші кезектегі атқаратын шараларының бірі – халық денсаулығын нығайту. Адамның ақыл-ойы, денсаулығы ең басты бағдар ретінде бекітілді. Осы мақсатты негізге ала отырып ұйымдастырылған бұл шара жастарды саламаттылыққа бастады. Тыңдаушылар бұл ашық сабаққа әртүрлі қабырға газеттерін, слайдтарды, қанатты сөздерді дайындап келді. Сонымен бірге викториналық сұрақтар мен мақал-мәтел жарысы да болды. Тыңдаушылардың күшімен дайындалған «Жігіт пен есірткі, періште, талап, ақыл» атты шағын көрініс қойылды. Келген қонақтар мұндай шараның жастарға үйретер тағлымы мол маңызды сабақ екенін атап өтті.

**С.С. СҮЛЕЙМЕНОВА;
К. М. МҰХАДИЕВА,**
ЖОО-ға дейінгі дайындық
кафедрасының аға оқытушылары

«МЕЙІРІМ ШУАҒЫ» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КОНЦЕРТІ

Жуырда механика-математика факультетіндегі «Көмек» еріктілер қозғалысы ұйымының ұйымдастыруымен «Мейірім шуағы» қайырымдылық концерті өтті. Кештің басты қонағы – ертеңгі талпыныстарға, болашағы армандарға толы, айналасынан шуақ пен мейірім күтетін Мұрат Әбдіжаппаров болды. Сол кеште шырқалған әндер де, биленген билер де, оқыған жырлар да Мұраттың көңіл күйінің бір сәт болса да көтерілуіне себепші болды.



Кештің басты мақсаты, жоғарыда атап өткендей, қамқорлық пен қолдауға мұқтаж, көңілін шер, қабағын мұң басқан, әр адамнан қайырымдылық, алақандарынан жылулық сезімін күтетін Мұрат Әбдіжаппаровқа қолдау көрсету еді. Өз кезегінде факультеттегі іс-шараларда белсенділік танытып, өз дауыстарымен ерекшеленіп жүрген Талғат Оспанов пен Шәмшінұр Мекесов сынды жігіттер әдемі әуенімен халықтың назарын өздеріне аудара білді. Және де, айтпай кетуге болмас, кеште қазақ эстрадасының жарық жұлдыздары «Қыран» тобы мен Айгерім Қалмұратова да ән салды. Факультет студенттері өнерден шет емес: би билеп, қазақтың қара домбырасымен күй шертті. Жүректі тебірентерлік жырлардың оқылуы мен көңіл сергіту мақсатында ойнатылған ойындар кешті көркемдегендей. Ұйымдастырушы топ өздерінің апта сайын қамқорлыққа зәру жандарға барып, оларға көмек көрсететіндігін тілге тиек етіп, сондай сапарлардың бірінде Алматы қаласындағы №4 Островский

атындағы зағип және көздері нашар көретін балаларға арналған мектеп-интернатының тәрбиеленушісі Ерхат Тәжібаевтың орындаған «Қазақ қызы» атты әнін таспаға түсіріп, халыққа ұсынды. Кештің бұл бөлігі жүректегі мейірімді еріксіз қозғар тұсы болды десек артық айтқандық емес.

Кеш соңында Мұрат Әбдіжаппаровтың анасы сөз сөйлеп, ұйымдастырушы топқа өз алғысын білдірді. Университетіміздегі «Көмек» еріктілер қозғалысы ұйымының төрағасы Алмас Бірімжанов: «Біздің қоғамымыздың жанашыр адамдары игілікті істер атқаруда, осы кеш соның бір көрінісі деп білемін. Механика-математика факультетіндегі «Көмек» еріктілер қозғалысы ұйымының төрайымы Назерке Маметова мен оның тобына шексіз алғыс білдіремін. Көмекке зәру жандар үшін қамқорлығын аямаған сіздердей азаматтарға Алланың нұры жаусын!» - деген лебізімен кешті қорытындылады.

Дина МҰРАТҚЫЗЫ,
механика-математика факультетіндегі
әдеби бірлестік мүшесі

ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойы әр факультет қабырғасында үлкен қарқынмен тойланып жатыр. Айтулы мерекеге орай география және табиғатты пайдалану факультеті, «метеорология» мамандығы студенттерінің ұйымдастыруымен «Жанымды нұрға, жүректі сырға бөледі...» атты жас ақындардың авторлық шығармашылық кеші өтті.

«ЖАНЫМДЫ НҰРҒА, ЖҮРЕКТІ СЫРҒА БӨЛЕДІ...»

Университетіміздегі өнерпаз студенттердің басын біріктіре отырып, поэзияға қызығушылықтарын арттыру, жас ақындарымыздың өнерін шыңдауды мақсат еткен жыр кешінің бағдарламасында патриоттық тақырыптағы, ҚазҰУ қалашығы туралы, сонымен қатар жастық шақ, студенттік өмір, махаббат туралы студенттердің шығармалары орындалды.

Қандай жанның болмасын жүрек түкпіріндегі сырын тауып айтатын ақындар қауымы. Осы поэзия кешінде студенттер өздерінің ақындық қырларын байқатты. «Метеорология» мамандығының студенттері Асхат Жәди мен Айнұр Тұрысбекова бастаған, Ұлбосын Абдуллақызы, Ақжол Дүйсенбай, Зейнеш Темірова, Жанар Есенғазы, Сымбат Айтуғанова атты студенттеріміз авторлық өлеңдерімен бөлісті.

Кешімізді ұйымдастырушы студенттердің шақыруымен арнайы келген физика техникалық факультеттің студенті Мұсат Иманқұл және халықаралық

қатынастар факультетінің оқытушысы, университет түлегі Жандос Оспанбаев өз шығармашылықтарынан шашу шашты. Студенттердің өлеңдері «Жастық шақ – жыр ғұмырдың жаршысы», «Қаладағы қалашығым – ҚазҰУ-ы», «Сырымды саған айтамын сыйма», «Жүрген», «Туған елім тұғырында тұрса екен!» атты тақырыптарды қамтып, келген көрерменнің көзайымдарына айналды.

Инженерлік мамандықта оқығандарына қарамастан, ақындық өнерді қатар алып жүрген студенттерге кафедраның аға оқытушысы А.К. Жексенбаева зор алғысын білдіре отырып, өздері білім алып жатқан оқу ордасы – ҚазҰУ туралы жүректен шыққан ыстық лебіздері әрбір жүрекке жеткендігін ерекше атап өтті, жүректі поэзиямен егіз жас ақындарға ақ жол тіледі.

Аида МҰНАЙТПАСОВА,
метеорология және гидрология
кафедрасының оқытушысы

ВСТРЕЧИ С ВЕДУЩИМИ ЖУРНАЛИСТАМИ ОБОГАЩАЮТ НАШИ ЗНАНИЯ



На факультете журналистики прошла встреча с известным спортивным журналистом Алимом Анапьяновым. Такую возможность нам – студентам факультета журналистики предоставила профессор кафедры «Печати и электронных СМИ» Барлыбаева Сауле Хатиятовна, организовав нам мастер-класс. Хотелось бы отметить, что преподаватель ни раз устраивает такие встречи, до этого в гостях у журфака были: известный казахстанский блогер и пиарщик А.Еликбаев, профессор Колумбийского университета Р.Абазов, директор Республиканской детской библиотеки им. С.Бегалина С.К. Раева. Каждая встреча запоминается яркими историями рассказчиков. Впереди – встречи с ведущими «телевизионщиками» страны.

Встреча с Алимом Анапьяновым прошла в доверительно-теплой и творческой обстановке. Предыстория становления его журналистского пути довольно интересная. В планы Алима Анапьянова совсем не входила журналистская карьера. Родители видели в сыне специалиста в агропромышленном комплексе, но душа самого Алима Ильясевича не лежала к выбранной родителями профессии, поэтому он решает уйти на военную службу. Талантливый Алим Анапьянов замечает редактор газеты военной части и сразу же берёт к себе в штаб. По окончании военной службы он решает поступить в КазНУ им. аль-Фараби (тогда ещё КазГУ им.С.М.Кирова) на факультет журналистики. Приёмная комиссия была в восторге от его творческих работ, со словами «готовый специалист» он был автоматически зачислен на факультет. Родня Алима Ильясевича долгое время не верила, что он поступил на факультет журналистики. На вопрос «А как ваша семья отнеслась к неожиданному выбору профессии?» -

журналист даже шутит: «У них не было выбора, я их поставил перед фактом».

Наверняка, у каждого журналиста есть любимая тема, которую он больше всего любит освещать. У Алима Анапьянова это тема – спорт. Это даже не просто любимая тема, а своего рода мечта с детства. И вот спустя десятилетия детская мечта осуществилась, спортивный журналист лично знаком со многими известными спортсменами нашей страны и мира, более того, написал несколько книг на спортивную тематику.

Признается, что за всю жизнь ни разу не пожалел о своём выборе профессии, но в то же время отмечает, что журналистская жизнь не совсем сладкая и легкая. Алим Ильясевич Анапьянов - известный спортивный журналист, ни раз от имени Казахстана освещал Олимпийские и Азиатские игры, публикуется в ведущих изданиях республики. В преддверии Универсиады-2017 А.Анапьянов будет выпускать газету «Алматы-спорт».

В целом интересная встреча запомнилась студентам, многие из них, всерьёз заинтересовавшись спортивной журналистикой, проявили желание пройти учебную практику у Алима Ильясевича.

Хотелось бы поблагодарить профессора Барлыбаеву Сауле Хатиятовну, благодаря её инициативе студенты могут лично познакомиться, задать вопросы известным интересным личностям казахстанской журналистики. Безусловно, теоретический материал играет огромную роль в судьбе будущего журналиста, но личное знакомство и общение обогащают наши знания.

Айгерим БАЙЗУЛИНА,
студентка 1 курса
факультета журналистики

ЖАҒЫЛЫҚҚА БАСТАЙТЫҢ - ЖАУРЫЗ

Наурыз – бірліктің, татулықтың, еңбектің, ізгіліктің мерекесі. Наурыз – шығыс елдерінің бүкілхалықтық мейрамы, Ұлыстың қасиеттерімізді бойына сіңіріп, жан-жақты дамыған өнегелі, өнерлі азамат пен азаматшаларымызды тәрбелейтін ұлттық мейрамымыз.

Наурыз мерекесі – әлемнің ең көне мерекелерінің бірі. Орта Азия халықтарында бес мың жыл бойы аталып өтілуде. "Наурыз" сөзі парсы тілінен аударғанда "Жаңа күн" деген мағынаны береді. Бұл мереке Ислам дәуіріне дейін тойланып, халық арасында ерекше қолдауға ие болып келеді.

Халқымыздың ежелден желісі үзілмей жеткен көне салтымыздың рухани, мәдени және адамгершілік дүниеміздегі қымбат қазыналарымыздың бірі. «Халқым қандай десең, салтымнан сынап біл» демекші, салт-дәстүрлерден халқымыздың мінез-құлқы, үнемі, әнегесі, зейін-зердесі, даналығы мен даралығы, шешендігі мен тапқырлығы, ақыл-ойы көрінеді.

Наурыз – өте көнеден келе жатқан мерекеміз. Наурыз мерекесі күні – қасиетті күн. Панышпан ата-бабаларымыз бұл күнді табиғаттың айрықша белгілерін ескере отырып белгілеген. Наурыз айын ерекше қасиеті бар ай ретінде бағалаған. Күн мен түн теңелетін күн, төрт түлік мал төлдейтін ай, табиғаттағы барлық жәндіктер мен өсімдіктерге жан бітетін ай. Самарқанның көк тасы жібитін күн. Сол себептен де табиғаттың тылсымы мен ғалам ғажайыптарын терең ұғына білген ата-бабаларымыз бұл күнді «Жыл басы» деп есептеген.

Ұлыстың ұлы күні деп неге атаған? Бұл жөнінде мынандай аңыз бар: Бір күні Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрт тауына келген сәтте жердің бетін жайлаған топан су кері қайтады. Сол сәт жер бетіне табаны тиген барлық тіршілік иелері көк аспаннан түскен қасиетті қазаннан бірге дәм татады. Содан бұл күнді ұлыстың ұлы күні деп жариялайды. Наурызды тойлау тарихи Ұлы Абай өзінің «Біраз сөзі қазақтың қайдан шыққаны туралы» жазбасында Наурыз тарихын көшпелі халықтардың «хибиғи», «хұзағи» деп атапатын көне заманына ұшастырады. Бұл күні жақсы пілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақтар сондай жақсы өнегеден үлгі алған. Наурыздың айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сан-салтанаттық, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан белгілері мен таным ұғымдарының үлгі түрлері өте көп. Оның барлығы әр адамды жоғары саналылыққа, әдептілікке, өнегелікке, бауырмалдыққа, көргенділікке, ізгілік пен білімділікке баурайды.

Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл ауыл-ел болып, әсіресе жастар жағы тәуірдей таң шапағатын қарсы алудан – тазаланған арықтарға су жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егу рәсімін өткізуден бастайтын.

Ақсақалдар да, жастар да көкжиекті көру үшін жазық далаға шығады. Адамдардың барлығы: «Армысың, қайырымды Күн – Ана!» – деп күнге бас иеді. Күнге тағзым еткеннен кейін ер адамдар қолдарына күрек алып, бұлақтарды тазартады. Бұлақтардың қасына ағаштар отырғызады «Бұлақ көрсең, көзін аш», «Бір тал кессен, он тал екі!» деген сөздер осыдан шыққан болу керек.

Наурыз күні әр үйде мерекелік дастарқан дайындалады. Дастарқанға дәстүрлі ет тағамдары, ұлттық тамақтар қойылады. Бұл мейрамның негізгі асы – наурыз көже. Оны әртүрлі тағамнан пісіреді. Сөйтіп, бүкіл халық ауыл-ауылды, үй-үйді аралап, амандасып, наурыз көже ішеді.

Халықта «Наурыз көжені тойып ішу керек,



сонда жыл бойы тоқшылық болады!» деген сенім бар.

Дастарқан басында жастар үлкендерден бата алады. Бата – үлкендердің өзінен жасы кішілерге беретін ықыласты тілегі.

Ақсақалдар: «Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, қайда барса жол болсын!» – деп бата жасайды. Кешке жақын жұрт үлкен айтысқа жиналады. Айтыс – домбырамен сүйемелденетін ақындардың өлең жарысы. Оған үлкендер де, жастар да қатысады. Наурыз айтыс – Жақсылық пен Жамандықтың, Суық пен Жылының, Жаз бен Қыстың айтысы. Сөз жарысын жақсылықты дәріптеген ақын жеңеді.

Мереке қызған кезде жастар алтыбақан жанында ұлттық ойындар ойнайды. Ән айтып, би билейді. Той тойға ұласады.

Міне, Наурыз мерекесі осылай тойланады. Қызықшылық оған әрмен халық ойындарымен, ән салып, билеумен, ақындар айтысымен, «Қызғалдақ» мерекесімен, қазақша күреспен, ат жарысымен жалғасып кете беретін де, түнге қарай «Алтыбақан» айналасындағы тамашамен аяқталатын.

Тегінде Наурыз ұлт мейрамы болғандығының үстіне оның тарихи маңызының тереңдігі бар. Ызғарлы қыстың кетіп, жан иесі өмір қуатын туғызған жыл, жаздың келетіндігіне барлық жаратылыспен қатар қазақ елі де қуанатын.

Наурыздың 21-інен 22-сіне қараған түні күн мен түннің теңелетіні белгілі. Бұл кәдімгі табиғи заңдылық. Бүгінгі күні біз наурыз мерекесін қалай қарсы алып жатырмыз? Біз неге осы сәтті 31 желтоқсан күні сағат түнгі 12-ні күткендегідей отбасымызбен қуана қарсы алмасқа?! 21 наурыздағы түнгі 12-нің 31 желтоқсандағы түнгі 12-ден орны тіптен бөлек. Күн мен түннің теңесуі – ғажап құбылыс, бұл расында жаңа уақыттың, жаңа кезеңнің келгендігін білдіреді. Дәл осы сағатта, осы минутта, осы секундта дастарқан басында жиналған отбасы мүшелері Мемлекет басшысы Наурызбен, «шын мәніндегі Жаңа жылмен құттықтап жатса бір ғанибет емес пе? Елбасы да бір сөзінде түптің түбінде біздің Жаңа жылымыз 22-наурыз болу керектігін көпшілік алдында айтқаны да бар болатын.

Біздің осы айтқандарымыз іс жүзінде атқарылып жатса, нұр үстіне нұр болар еді.

Біз 14 наурызды – Көрісу күні деп білеміз. Көрісу күнінде халық қыстан аман-есен шыққанына қуанып, бір-бірімен қол алысады. Таң сібірлеп атысымен, көрісу мерекесін асыға күтіп отырған әрбір отбасы алдын ала дайындалып қойған дастарқанын жаяды.

Міндетті түрде бауырсақ пісіріп, дастарқанға тәтті-пәтпісімен қосып үйіп қояды. Отбасының кішілері үлкендеріне қос қолын беріп, көрісіп шығады. Бір-біріне «Бір жасыңмен!» дейді. Ол «Бір жасқа есеюіңмен! Осы жылға аман-есен жетуіңмен!» дегенді білдіреді. Содан кейін әр отбасы көршілерімен көріседі. Жасы кіші отбасы мүшелері жасы үлкен отбасыларға кіріп, көрісіп шығады. Міндетті түрде әр адам үш үйдің есігін ашу керек, яғни түске дейін үш үйге кіріп, көрісіп үлгеруі керек.

Біреуге реніші бар адамдар бұл күні өкпесін ұмытып, ренжіскен адамына кіріп көріседі. Сөйтіп, арадағы суық қарым-қатынастың жібі үзіліп, көрісу күні адамдар бір-бірімен қайта табысады. Көрісу күні кіріп-шықпаған жасы кіші туған-туысқан, көрші-қонаққа жасы үлкендер «Көрісіп шықпады» деп ренжиді. Бұл күні әр адам мүмкіндігі болса, бүкіл ауылдың табалдырығын аттап шыққаны абзал.

Бүгінгі күні Қазақстанның батыс аймағына берік орныққан бұл дәстүр жыл сайын жергілікті халық сағына күтетін бірден-бір салт болып отыр. Қазақстанның басқа өңірлеріне де бұл күнді тойласа екен деп тілейміз, себебі ежелден келе жатқан дәстүріміздің бүгінде аты ұмытылып бара жатқандай. Бұл күннің ерекшелігі, 14-ші күні басталатын Көрісу мейрамы жыл бойы жалғасын табады және Көрісуде ауылда болмай, ауылға енді келген адамды көрген кезде, амандық-саулықтан кейін «Бір жасыңмен!» деп қол алысады. Таң лебі мен таң атысымен қазанда бұрқырап пісіп жатқан бауырсақтың иісі Көрісу күнінің белгісі іспетті. Әр үйдің үлкендері оянып, дастарқанын толтырып, көрісіп шығатын бала-шағаны күтіп отырады. 14 наурыз күні күн шыққанда есіп ішінен құлыптаулы тұрған үй болмайды. Бәрінің есігі ашық, үй жинаулы, дастарқаны мол болып тұруы керек.

Шаттық пен қуанышқа, ақ бата мен молшылыққа толы бұл мерекені қалайша ұмыт қалдырамыз? Салт-дәстүр дегеніміз – халықтың рухани өзегі, мәдениетінің діңгегі, тілінің тірегі емес пе? Жақсылыққа бастайтын «Көрісу күні» жалпыхалықтық мерекеге айналдырсақ екен деп тілейміз. Осындай айтулы күннен соң мәре-сәре болған жұрт осы қарқынмен Жаңа жыл – 22 наурыз мерекесін көрермет көңіл-күймен қарсы алары сөзсіз...

Фарица ӘЛІПБЕК,
баспа ісі және дизайн кафедрасының
3-курс студенті

АЙХАЙ, КӨКТЕМ!

Жел ескенде ақ бұйра бақтарыңнан,
Кеңескенде жайқалған шақта қырман.
Түседі еске алаңсыз ерке шақтар,
Теңіз болып бір кезде ақтарылған.

Бәйшешектей сабағы қарды жарған,
Көкірегімді тырнарлар бар бір арман.
Жандандырды-ай жанымды жарығымен,
Соры ашылмай жүрген ем қалжыраудан.

Жарып шығып асау күш көкірегімнен,
Күнікейге қол созар көкте күлген.
Мен шүкірлік етемін Тәңіріме,
Қайта қауышқаным көктеміммен.

Тізбегімен аспанға көтеріле,
Құстар қайта қайтқанда мекеніне.
Күн аямай төккенде шұғыласын,
Құлағың мен қыздырар шекені де.

Бір үн қырдан естілер көктем деген,
Ғаламат күш мені ондай жоқ тербеген.
Ата қоныс жасарып жайлауымен,
Ақтарылар жыр теңіз боп кеудеден.

Арша мойын аққулар төмен қонып,
Көл бетіне өзінше берер көрік.
Әуенімен бірге орнар сонда ғалам,
Мына менің кеудеме өлең болып.

Әр көңілде көгілдір көктер көктем,
Көздің жауын алады бөктер неткен.
Кейде сезім жетпеген жүректерге,
Шуақ төккім келеді көктем боп мен.
Көктем...көктем...

Оралбек ЫСҚАҚ,

тарих, археология және этнология
факультетінің 3-курс студенті

НАУРЫЗ

Наурыз шуақ сыйлап, келіп қалдың,
Еркіне еміреніп еріп бардым,
Кешірші ренжітсем бір өзіңді,
Қаңтарды, жаңа жыл деп сеніп қалдым.

Түсінбей талай уақыт жүрген екем,
Бабалар қадірінді білген екен.
Мұсылмандар наурызды мейрам десе,
Басқа жұрт мазақ қылып күлген екен.

Құдіретінді түсініп қалдым міне,
Ақ шашып, дастарқан жайдым міне,
Өзіңнің арқанда көрісумен,
Туысқанды түгендеп бардым, міне.

Күн мен түн теңесетін күн ғой мынау,
Қар еритін, шөпке шығып шық пен қырау,
Басқалар мойындамай қалса сені,
Мас болып қаңтар түні лағып жүр-ау.

Мен бүгін көже ішіп мәз боламын,
Көңіліме толтырып жаз орамын.
Армандап тәуелсіз болашақты,
Бәйгеде желмен тең жорға шапты,
Қазағым бейбіт болып оталғанда,
Басқа жұрт қызғанып, зорға шапты...

Асқартау ЗАҢҒАР,

баспа ісі және дизайн кафедрасының
3-курс студенті



Суреттерді түсірген Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университетінің
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілшілер: Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы,
71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай:
kazuniver-gazeti@mail.ru
Газет редакцияның компьютер орта-
лығында теріліп, беттелді.
"Гамма-принт" баспаханасында
(Райымбек даңғылы, 369) басылды.
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 344

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.